



Құрметті Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері!

Сіздерді 12 сәуір Қазақстан Республикасының ғылым саласының қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бүгінде тәуелсіз еліміз өркендеудің жаңа сатысына көтеріліп, адами капитал - стратегиялық маңызды ресурстың біріне айналды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекет болу үшін біз жоғарғы білімді ұлт болуымыз керек» - деп отандық ғылым мен білімнің негізгі мақсатын айқын белгілеп берді. Елбасымыздың бастамасымен республикамыздағы ғылым саласында айтарлықтай өзгерістер орын алды. «Ғылым туралы» заң қабылданды, ғылымды басқарудың жаңа үлгісі мен қаржыландырудың жаңа тетіктері жұмыс істей бастады.

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы да еліміздің ғылыми-зерттеу жұмыстарының дамуына өзіндік үлестерін қосып, «Қазақстан - 2050» Стратегиясын» жүзеге асыру мен Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына қосылу - еліміздің ғылыми-зерттеу әлеуетін жұмылдыру мен зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейге көтеріп, оны тәжірибе жүзінде жүзеге асыруды қамтамасыз ету жолында ұжым болып еңбек етіп келеді.

Құрметті Атырау университетінің профессор-оқытушылары мен қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, өздеріңізге сарқылмас зерттеушілік ізденістер мен Қазақстанның қарқынды дамуына үлес қосатын жаңа ғылыми жетістіктер тілеймін.

Құрметпен:

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор

А.Талғенов



Гуманитарлық ғылымдағы жаңа төңкеріс

5



Өлкені нұрландырған тұлға

8-9



Болашақ журналистер бақ сынады

10

ВВ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде 12 сәуір Қазақстан Республикасының Ғылым саласы қызметкерлері күніне орай өткізілген апталық марапаттау кешіне ұласты.

Қоғам – ғылымның дамуымен, инновациялық жобалармен өзара тығыз байланыста болғандықтан, Қазақстан ғылымының дамуына үлесін қосып жатқан университет қызметкерлерін марапаттауға арналған мерекелік шарада Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Талтенов Абзал Ахатұлы құттықтау сөз сөйлеп, бірқатар төмендегі профессор-оқытушыларды және студенттік республикалық олимпиада және халықаралық конференциялардың жеңімпаздарын марапаттады.

12 сәуір – Ғылым саласы қызметкерлері күніне байланысты марапатталған профессор-оқытушылардың тізімі:

1. Университетімізде көп жылдардан еңбек етіп, санаулы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, университет ғылымының дамуына қосқан ерен еңбегі үшін педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Каржаубаев Аманқос Биязбайұлы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

2. Университет қабырғасында ұзақ жыл жемісті еңбек етіп, болашақ маман даярлау ісіне қосқан сүбелі үлесі үшін педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Билялова Жұпар Тәренқызы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

3. Университеттің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының ұйымдастырудағы елеулі еңбегі үшін педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Койшигулова Ляйля Ерболатқызы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.

4. Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», «Дәнекер» ордендерінің иегері, көрнекті композитор, композитор, өнер зерттеушісі, белгілі жазушы, суретші және университеттің «Құрметті профессоры» Ілия Жақанов «Х.Досмұхамедов» Алтын медалімен марапатталды.

5. Университетімізде көп жылдардан еңбек етіп, санаулы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, университет ғылымының дамуына қосқан ерен еңбегі үшін биология ғылымдарының кандидаты, профессор Сапаров Әділбек Зинойлаұлы «Х.Досмұхамедов» Алтын медалімен марапатталды.

II. «Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталғандар:

Көп жылдар бойы университетімізде басшылық орындарда жауапты қызмет атқарып, ұзақ жыл болашақ маман даярлау ісіне сүбелі үлес қосумен қатар, өскелең ұрпаққа терең тәлім-тәрбие берген ұлағатты ұстаз, ғалым физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Даиров Гапулло Даирұлы «Университет дамуына сіңірген

еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

1.«Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен физика-математика

ғылымдарының кандидаты, профессор Рашбаев Жақсылық Мүбәрақұлы марапатталды;

2.«Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен доцент Хамметов Асылбек Хамметұлы марапатталды;

3.«Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Блохин Анатолий Владимирович марапатталды.

4.«Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен педагогика ғылымдарының докторы, профессор Имашев Гизатолла Имашұлы марапатталды және күні бүгін Украинаның Педагогика ғылымдарының ұлттық академиясының Педагогика институтының ғылыми кеңесі шешімімен университетіміздің профессоры Имашев Гизатолла Имашұлы А.И.Бугаев атындағы «Физиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» номинациясы бойынша премия берілгендігі туралы хат келіп түсті. Жыл сайын педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін шетелдің белді ғалымдарына берілетін аталған премияның өзіміздің ғалым Гизатолла Имашұлына берілгені үшін өте қуаныштымыз.

5.«Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен филология ғылымдарының кандидаты, профессор Садыкова Айсұлу Тәжіғалиқызы марапатталды.

III. Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының КОРРЕСПОНДЕНТ МҮШЕСІ дипломы берілгендер:

1.Қазақстанның Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланғандығы жөнінде Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының КОРРЕСПОНДЕНТ МҮШЕСІ дипломы педагогика ғылымдарының кандидаты Ризуанова Анар Қатимоллақызына берілді;

2.Қазақстанның Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланғандығы жөнінде Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының КОРРЕСПОНДЕНТ МҮШЕСІ дипломы филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мұхамбетов Жомарт Ибатоллаұлына берілді.

Ректордың Алғыс хатымен марапатталған оқытушылардың тізімі:

Атырау университетіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстардың дамуына қосқан үлесі мен тәуелсіз еліміздің ғылымы саласындағы жетістіктері үшін және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына қосылу – еліміздің ғылыми-зерттеу әлеуетін жұмылдыру мен зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейге көтеріп, оны тәжірибе жүзінде жүзеге асыруды қамтамасыз ету



жолындағы елеулі еңбегі үшін Көптілді білім беру факультеті деканының орынбасары Кабошева Анар Багитжановна ректордың Алғыс хатымен марапатталды.

Ректордың Алғыс хатымен Физика-математика және ақпараттық технологиялар факультеті деканының орынбасары Багитова Каламқас Багитовна марапатталды.

Ректордың Алғыс хатымен Экономика және құқық факультеті деканының орынбасары Жағыпар Жадыра Жағыпарқызы марапатталды.

Ректордың Алғыс хатымен Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті деканының орынбасары Сакенов Жігер Жумагереевич марапатталды.

Ректордың Алғыс хатымен Инновациялық білім беру факультеті деканының орынбасары Құспанова Айым Сағындықызы марапатталды.

Ректордың Алғыс хатымен Ауылшаруашылық факультеті деканының орынбасары Ибраев Даулет Оралбаевич марапатталды.

Ляйля Ерболатқызы: «Бала – ақ парақ сынды, не шимайласаң, соның жемісін көресің...»

«Ұстаздық – ұлы қызмет». Расымен де, ұстаз атаулының қоғамдағы рөлі өте үлкен. Өйткені, оның қызметі – ұлт болашағы саналатын балалармен тікелей байлаулы. Облысымызда ұстаз деген атты абыроймен арқалап жүрген ұлағатты жандар жетерлік. Бізге сол ұстаздардың бірегейі, қызмет жолын дәл осы ұстаздық еңбектен бастап, қазіргі таңда ЖОО-ның ұстазы болып қалыптасып отырған Х.Досмұхамедов атындағы АМУ-дың әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры Койшыгулова Ляйля Ерболатқызымен сүбелі сұхбат өрбiтудiң сәтi түскен едi. Ендеше, зер салыңыз!

Ляйля Ерболатқызы, сізді ең алдымен жуырда ғана ұстаздық марапаттың төрі саналатын «Ы.Алтынсарин» төсбелгісін иемденуіңізбен редакция атынан құттықтаймыз! Жетістіктеріңіз жетерлік. Мәселен, былтыр ғана республика бойынша ЖОО-дағы үздік ұстаздың бірі атандыңыз. Жалпы, қазіргі заманда көшбасшы ұстаз болу үшін не керек?

Құттықтауыңызға рахмет! Өзім осы университетті бітірдім, 2004 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты атағын қорғадым, негізі 5 жыл мектепте қызмет етіп, одан соң барып университетке келдім. Аспирантурада оқыдым. Офис-регистратордың басшысы, департамент басшысы, 4-5 жыл бойы инновациялық білім беру факультетінің деканы сынды түрлі қызметтерді атқарған едім. Осы жылғы 16 наурыздан бері әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректорымын. Отбасымызда жұбайымыз екеуіміз үш атқамінерді тәрбиелеп отырмыз.

Көпшілік мектеп пен ЖОО-ның үздік оқытушысы лауазымдарын шатастырып жатады. ЖОО үздік оқытушысы ғылымға ден қоюы шарт. Бұл екі жетістіктің басты айырмашылығы осы дер едім. ЖОО үздік оқытушысы болудың өзіндік шарттары бар. Ең бірінші сіздің ғылыми, оқу-әдістемелік, және сіздің тәрбие жұмысындағы еңбектеріңізге қарайды. Осы үшеуі бір біріне сәйкес болуы керек. Яғни, тек ғылыммен айналыспай, оқу ісінде де, жастарды тәрбиелеуде де өзіндік үлесін тигізуі тиіс. Әр шартқа өзіндік балл беріледі. Негізі, ЖОО болған соң, әр ұстаз студенттің неге талантты екенін біліп, ғылымға

деген ұшқырлығын, оқуға деген талантын тани білсе, нұр үстіне нұр. Қазір бізде ең басты мәселе – ғылымды көтеру.

Қазіргі жастарға университет немесе облыс тарапынан болсын, қандай әлеуметтік пакеттер ұсынылған?

Университетімізде Елбасымыздың 5 әлеуметтік бастамасының 3 бастамасы саналатын – ЖОО-ға жастардың қолжетімділігі және жастардың әлеуметтік жағдайын, жас мамандарға үй берілуін қамту мәселесі өз шешімін табуда. Кез-келген ата-ана баласын ЖОО-да оқытқысы келеді. Қазіргі нарыққа сай грант та жыйдан-жылға көбейіп келеді. Ақылы оқу түрі де бар екені белгілі. Әлеуметтік пакетке келетін болсақ, бізде қазір тұл жетімдер тегін оқиды, яғни олар университет тарапынан қаржыландырылады. Және, оқу орнымыз жетімдерге жылына бір рет киіміне қомақты қаражат бөліп отыр. Үздік студенттерге ай сайын шамамен 40 000 теңгелік көлемде Президенттік стипендия тағайындалады. Бұдан өзге, Х.Досмұхамедов, С.Зиманов, Г.Алиев, З.Қабдолов, Х.Доспанова атындағы стипендиялар бар. Оны қоғамдық жұмысқа белсенді, жақсы оқитын студенттер иемденеді.

Жақсы оқитын, аз қамтылған отбасының студенттеріне, университет атағын республикаға, әлемге әйгілеп жүрген спортшыларға 20-100 пайыз арасында жеңілдік қаралады. Кейбір спортшылар, тіпті категорияларына қарай 100 пайыз жеңілдікпен де білім алуға.

Сондай-ақ, мектеп бітіруші түлектерге университет грантына олимпиада өтеді. Биыл оған 587 студент қатысып, 8 мамандық



бойынша 20-30 балаға 100, 50, 30 пайыз жеңілдікпен грант берілді. Биылдан бастап облысымыздағы тапшы педагогикалық мамандық студенттеріне әкім гранты да тағайындалды. 149 баламыз әкім грантымен, «Серпін» бағдарламасымен 83 студент білім алуға.

Жатақхана жағдайына келер болсақ, дәл қазіргі таңда 870 студент жатын жайымен қамтылған. 300 студентіміз әлі де жатақханаға зәру. Қазіргі таңда әкімшілік қолдауымен 450 орындық жатақхана салу жоспарлануда. Университетіміздің мамандықтары нарық заманына қажетті, сұранысқа ие деп саналады, 95 пайызы жұмыспен қамтылған.

Ал, жастардың бос уақыты қалай өтуде?

Өзіңіз көріп отырғаныңыздай, университет ішінде бірнеше клуб бар. Қызығушылықтарына байланысты сол клубтарға мүше бола алады. Студенттер өздерінің смарт-жобаларын қорғап, «Менің арманым» атты конкурстан күні кеше

ғана студенттеріміз жеңімпаз атанып, республикаға жолдама алды. Үш тілде білім алуға толық жағдай жасалып отыр. Ағылшын тілінде кинофильмдер көруге мүмкіндік жасалған.

Сондай-ақ, заманауи талаптарға сай спорт кешенімізде әлемдік чемпионаттар өткізіліп тұрады. Осы спорт кешенінде студенттерге арналған жүзу бассейні, тренажерлық залдар жұмыс істейді.

Педагог ретінде қандай мәселе сізді толғандырады?

Аталмыш университетті аяқтаған соң 5 жыл мектепте жұмыс жасадым. Мектеп ұстаздарына артылар жауапкершілік өте мол. Шетелдің тәжірибесіне сүйерен болсақ, Жапониядағы ең алғашқы, қадірлі мамандық – ұстаз. Ең жоғары деңгейлі жалақы иелері де – ұстаздар. Бүгінгі таңда Елбасымыздың Жолдауында айтылғандай, республика ұстаздарының әлеуметтік және материалдық жағдайы жан-жақты қарастырылған.

Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деп айтқандай, балаға тәрбие беретін – ата-ана.

Жас педагогтарға берер кеңесіңіз?

Бала – ақ парақ сынды. Не шимайласаң, дәл солай қалыптасады. Өзің жазған дүниенің нәтижесін көресің. Сондықтан, жас ұстаздар білім мен тәрбиені қатар алып жүруге қазірден-ақ ден қойса деген тілегім бар.

Сүбелі сұхбатыңызға рахмет! Шығармашылық табыстар тілейміз!

Сұхбаттасқан –
Орынгүл МАХМУДОВА,
республикалық «Ұстаздық еңбек» газетінің бас редакторы



«Халелтану: тағылым, жаңа көзқарас»

«Феномен-бұл ерекше өұбылыс, біртуар тұлғаның қайталанбас кескін-келбеті, болмыс бітімі. Х. Досмұхамедовтің өмірі-соның куәсі»

Зейнолла Қабдолов

24 сәуір - Алаш ардақтысы, Батыс Алаш орданың негізін салушылардың бірі, энциклопедист-ғалым Халел Досмұхамедовтың туған күні. Әмбебап ғалымның туғанына биыл 135 жыл толуына орай, студенттер мен профессор-оқытушылар салтанатты гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты. Салтанатты рәсім барысында университеттің ғылыми істер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Саламат Нұрмұханұлы,

п.ғ.к. Ғабит Бағытжанұлы, т.ғ.к. Қылышбай Сүндетұлы құттықтау тілектерін білдірді. Гүл шоқтар қою рәсімінен кейін «Халелтану: тағылым, жаңа көзқарас» тақырыбындағы студенттерге арналған ғылыми тәжірибелік семинар жұмысы болып өтті. Семинар мәжілісін "Педагогика кафедрасының лабораториясының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Шолпан Жанұзақова және профессор Роза Қаражігітова қатысушы студент-

терге сәттілік тілеп, ықыластарын білдірді. Семинарға жалпы саны онға жуық студент ғылыми баяндамаларын жасап, ғылыми танымдық ойларын ортаға салды. Мәселен, химия мамандығының бірінші курс студенті Рахметова Гүлжазира "Х.Досмұхамедовтың еңбектеріне жаңаша көзқарас" атты баяндамасы үздік баяндамалардың қатарынан табылды. Сондай-ақ семинар соңында өткізілген викториналық ойында топ жарды. Тарих мамандығының екінші курс студенті Баймағамбетов Ерланның "Рухани жаңғыру және Алаш зиялысы" атты баяндамасы профессор-оқытушылардың көңілінен шықты. Филология мамандығының екінші курс студенті Шакиров Заманбек өзінің «Х.Досмұхамедовтың лингвистикалық мұрасы» атты ба-

яндамасында Халел ұсынған латын әліпбиі мен қазіргі апробациядағы латын әліпбиінің нұсқаларын салыстырып, ғылыми негіз жасаса, шет тілі мамандығының екінші курс студенті Мұстафаева Ұлпан ағартушы ғалымның ғылыми еңбектерінің құндылығы жөнінде мәлім етті. Бұдан басқа Шамұратовва Жазира, Жылқожаева Аяулым, Қайрат Өміргүл, Сәрсенбайқызы Ақерке, Жаннұр Нұрғабылова, Шаматова Айгерім сынды студенттер ғалымның сан қырлы саладағы еңбектеріне талдап жасап, кеңінен насихаттады. Семинар соңында барлық қатысушылар арнайы кітаптермен марапатталды.

Заманбек ШАКИРОВ,
Филология мамандығының
2-курс студенті

12 апреля – День науки

По мнению казахстанских ученых, этап индустриально-инновационного развития в Казахстане характеризуется перезагрузкой целей и задач научной системы в соответствии с современными экономическими требованиями, следовательно, развитие науки, регулируемой соответствующими нормативными показателями, структурной, организационной, кадровой, инфраструктурной и финансовой обеспеченностью, предполагает коренные изменения.

Так, наука в Казахстане имеет финансовую поддержку в виде организации конкурсов грантового и программно-целевого финансирования научных проектов, конкурса коммерциализации результатов научно-технической деятельности, конкурсов именных премий в области науки и государственных научных стипендий, программы грантов для консорциумов производственного сектора, программы грантов проекта «Стимулирование продуктивных инноваций» и др. Это оказывает положительное влияние на экономический рост в целом, а также развитие науки и техники в Казахстане.

От Атырауского государственного университета на программы в рамках грантового и программно-целевого финансирования Министерства образования и науки, Министерства сельского хозяйства, Министерства культуры и спорта Республики Казахстан для проведения фундаментальных и прикладных исследований в области технических, естественно-научных и социально-гуманитарных наук было подано 20 проектов. По результатам конкурса грантового финансирования научных проектов на 2018-2020 годы 3 проекта стали обладателями гранта:

1. «Институт биев, батыров, тарханов, жасаулов, ходжей в структуре Казахского ханства: их деятельность и ликвидация (XV-XIX вв.)» (научный руководитель д.и.н., профессор Муктар А.К.)

2. «Концепция развития Казахской электронной журналистики в условиях конвергенции масс-медиа (на основе Knowledge Base)» (научный руководитель к.ф.н. Мукашева М.Т.)

3. «Фундаментальные закономерности реологических свойств наноконпозиционных полимерных материалов» (научный руководитель д.х.н., профессор Шамбилова Г.К.)

Проекты, не прошедшие в этот раз, имеют возможность участвовать в аналогичном конкурсе для молодых ученых, который будет объявлен в текущем году.

Наряду с увеличением государственного финансирования развития науки прослеживается и рост числа научных публикаций, числа охраняемых документов, числа международных научных конференций и, соответственно, новых контактов. Так, сотрудником Экокампуса университета Е.Нурединовым получены 2 патента на полезные модели «Солнечно-ветровая энергоустановка» и «Светящаяся аркообразная зebra». «Солнечно-ветровое дерево» – это умная установка, которая одновременно генерирует энергию солнца и ветра в городской среде. Полезная модель «Све-

тящаяся аркообразная зebra» относится к технике эксплуатации автомобильных дорог, в частности, к техническим средствам организации дорожного движения.

Одним из важных событий прошлого месяца является проведенная в университете международная научная конференция «Наурыз как нематериальное культурное наследие человечества» в рамках Международного форума «Ұлы даланың Ұлы дәстүрлері», инициированного Акиматом Атырауской области.

В работе научной конференции приняли участие около 200 ученых из Казахстана, России, Турции, Азербайджана, Узбекистана, Кыргызстана, Венгрии и Польши. Прошедшая конференция дала возможность рассказать зарубежным гостям о ценности программной статьи Президента РК «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», увидеть под новым углом особенности национального праздника Наурыз, узнать о его роли в жизни целых наций, поделиться мнениями и заявить о важности мероприятия.

28 марта в стенах университета прошла республиканская научно-практическая конференция «Успешные методы обучения иностранного языка в современном полиязычном пространстве», приуроченная к 25-летию открытия специальности «Иностранный язык: два иностранных языка». В работе конференции приняли участие ученые казахстанских университетов, учителя иностранных языков школ города и области.

Ко Дню науки в университете была проведена Неделя науки, в рамках которой прошел ряд мероприятий. С 9 по 13 апреля на каждом факультете были проведены круглые столы, олимпиады, конкурсы, деловые игры, научно-методические семинары, конференции молодых ученых, заседание Science Cafe, а также награждение ученых за вклад в науку.


12 апреля в день работников науки наградами Министерства образования и науки были награждены 3 профессора университета. Наградой «За вклад в развитие науки РК» – к.п.н., профессор Каржаубаев А.Б., наградой «Почетный работник образования» – к.п.н., профессор Билялова Ж.Т., нагрудным знаком «Ы.Алтынсарин» – к.п.н., доцент Койшыгулова Л.Е.

Золотыми медалями им.Х.Досмухамедова были награждены заслуженный деятель труда Республики Кыргызстан,



обладатель орденов «Парасат», «Данекер», известный композитор, исследователь искусства, писатель, художник И.Жаканов и кандидат биологических наук, профессор А.Сапаров, долгие годы проработавший деканом факультета естественных наук, внесший огромный вклад в подготовку специалистов.

Медалью «За заслуги в развитии университета» были награждены кандидат физико-математических наук, профессор Г.Д.Даиров, кандидат физико-математических наук, профессор Ж.М.Рашбаев, доцент



А.Х.Хамметов, кандидат исторических наук, профессор А.В.Блохин, доктор педагогических наук, профессор Г.И.Имашев, кандидат филологических наук, профессор А.Т.Садыкова, проработавшие в университете более 40 лет.

Диплом о корреспондентском членстве Академии педагогических наук Казахстана был вручен кандидату педагогических наук А.К.Ризуановой и кандидату филологических наук, доценту Ж.И.Мухамбетову.

Студенты университета стали победителями республиканских олимпиад:

– М.Усенбаева, М.Дузелбаев, Н.Серғали – II место по специальности 5В0010900-«Математика»

(руководители д.ф.-м.н., профессор С.Т.Мухамбетжанов, к.ф.-м.н. А.С.Абиров);

– Ф.Карapidенов – II место по специальности 5В050400-Журналистика (руководитель-магистр журналистики А.К.Жумабаева);

– А.Алменова, Ы.Серікбайқызы, Е.Жақсылықов – II место по специальности 5В041900-«Музейное дело и охрана памятников» (руководитель к.и.н., доцент Н.Сармурзина);

– А.Болатова – II место по специальности 5В011200- Химия (руководитель магистр химии Н.А.Дузбаева);

– Д.Бектұрғанұлы, А.Бисембай – II место в личном зачете и III командное место по специальности 5В011600- «География» (руководитель старший преподаватель А.З.Жумагазиев);

– А.Кабиденов – III место по специальности 5В011100-Информатика (руководители Э.И.Ильдарова, А.Н.Кубашева);

– Р.Тарихова – III место по специальности 5В040400-Традиционное музыкальное искусство (руководитель старший преподаватель А.Шаужанова);

– А.Аскар, А.Алишер, К.Ашиғалиев – II место по специальности 5В070400-Вычислительная техника и программное обеспечение (руководитель Ж.Ж.Молдашева).

Победители международных олимпиад и конкурсов:

– З.Қалимов Заманбек, А.Серікк, А.Әлайдар – III место по специальности 5В080100-Агрономия (руководитель – Ph D Е.Габдуллин);

– А.Отарбаева, Т.Камбарова – II и III место соответственно по цифровому искусству, анимации и моделированию (руководитель к.ф.-м.н., доцент Ш.Ележанова);

Победители международных научных конференций:

– Г.Базарбаев – I место на XIII международной научно-практической конференции «Образование и наука-2018», организованной ЕНУ им.Л.Гумилева (научный руководитель-к.и.н., доцент Н.Сармурзина);

– М.Хатенов, А.Төлеуғалиев – I место на международной научно-практической конференции «Современный мир и молодежь: взгляд и диалектика развития», организованной Карагандинским экономическим университетом (научный руководитель магистр Ш.Б.Сисенғалиева);

– Ж.Байғалиев – III место на XVIII международной научно-практической конференции, организованной Западно-Казахстанским инновационным университетом

– А.Кабделова – III место на международной научно-практической конференции «Современный мир и молодежь: взгляд и диалектика развития», организованной Карагандинским экономическим университетом.

Поздравляем всех награжденных и им желаем крепкого здоровья, творческих успехов и научных достижений!

Айман МУСАЕВА,
Директор департамента
науки, к.э.н.

Гуманитарлық ғылымдағы жаңа төнкеріс

Елбасымыздың қазақ қоғамына рухани сілкініс туғызған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына да бір жыл толды. Аталған тапсырманы жүзеге асыру аясында «Туған жер», «Киелі жерлердің географиясы» және «100 жаңа есім» атты жобалар жүзеге асты. Осы айдың басында Астанадағы Назарбаев орталығында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша 18 кітаптың таныстырылуы қоғамдық санаға жаңа серпін берді.

Салтанатты жиынға белгілі қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ЖОО басшылары мен жас ғалымдар, депутаттар мен министрлер қатысты. Бұл басқосуға біздің аймақтан әріптесіміз, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты Г.Қайырғалиева қатысты.

Елбасы жиынды кіріспе сөз сөйлеп ашып берген соң, алқалы шараны еліміздің Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев жүргізді. Басқосуда осы саланың білгір маманы, «Ұлттық аударма бюросының» атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы жобаны жүзеге асырудың мән-жайына толық тоқталып өтті. Өткен жылы ғана жұмысын бастаған осы аударма бюросы алдағы жылдары гуманитарлық білімнің бірнеше бағыттары бойынша дүние жүзіндегі ең үздік деген университет оқулықтарын түрлі тілдерден тікелей қазақ тіліне аударып, біздің студенттерге әлемдегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасамақ. Ұлттық аударма бюросы жетекшісінің сөйлеген сөзінде атап көрсетілгендей, аударылатын кітаптарды таңдау үшін еліміздегі барлық жоғары оқу орындарынан 800-ден астам ұсыныстар алынған. Осының нәтижесінде кемінде 3 басылым көрген, соңғы басылымы 2014 жылдан бері шыққан 18 оқулық таңдалынып алынады. Іріктелген оқулықтарды аудару жұмысына жалпы саны 200-ден асатын республикамыздың алдыңғы қатарлы ЖОО-ның оқытушылары, ғылыми орталықтардың қызметкерлері, тәжірибелі аудармашылар мен редакторлар ат салысуда. Солардың арасында біздің Махамбет ауданы, Қосарал (бұрынғы Фурманов) атындағы орта мектептің түлегі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия кафедрасының



меңгерушісі, профессор, философия ғылымдарының докторы Гүлжихан Жұмабайқызы Нұрышеваның да болғанын мақтан етеміз.

Жиында тұсауы кесілген 18 оқулық биылғы оқу жылының соңына дейін 10 мың дана таралыммен басылып, еліміздегі барлық оқу орындарына тегін таратылмақшы. Қазақстанда бұрын соңды осындай ғылыми аударма жұмысының болмағандығын баса көрсете келіп, жүзеге асырылып жобаның аса маңызды жақтарын «Ұлттық аударма бюросының» директоры Р.Кенжеханұлы сол күнгі республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне берген «Қоғамдық санаға серпін берген жоба» атты мақаласында былайша атап көрсетті: «Біріншіден, гуманитарлық бағыт бойынша әлемнің үздік оқулығы қазақ тіліне түпнұсқа тікелей аударылуды. Сол арқылы тілдің дамуына аса қажетті ғылыми мазмұн мен лексика дамиды. Кез келген тіл ең әуелі сол тілдегі мазмұнмен күшті, өзімізге де, өзге де сонысымен құнды, қызықты. Олай болса, Елбасының бұл бастамасы тілімізді жаңа биікке көтеретін қуатты платформа. Екіншіден, гуманитарлық салалар бойынша оқитын студенттердің заман талабына сай білім алуына жағдай жасалады. Біздің оқу орындарындағы мазмұн мен академиялық талқы әлемнің ілгері ғылыми орталықтарының деңгейіне шығады. Үшіншіден, аса ауқымды аударма жобасы қазақстандық аударма мектебінің күшейіп, жетілуіне жағдай жасайды. Аудармашы мамандар, ғалымдар мен оқытушылардың жаңа негізде жұмыс істеуіне берік тұғыр болады».

Жиынды қорытындылаған Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаланың барша



қазақстандықтардың үлкен қолдауына ие болғандығын атап көрсете келіп: «Барлық өңір «Туған жер», «Киелі жерлердің географиясы» және «100 жаңа есім» жобаларына атсалысып жатыр. Бір жыл ішінде меценаттар қаражаты есебінен әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға ондаған миллиард теңге бөлінді. 700-ден астам мәдениет ескерткіштері жөнделіп, қайта қалпына келтірілді. Жүздеген ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды», - деді.

Н.Назарбаев «100 жаңа оқулық» жобасының жас ұрпаққа білім беру ісіндегі рөлі зор екендігіне тоқтала келіп, бұл шараның бүкіл гуманитарлық сала үшін аса үлкен басылымдықтарын атап өтті. «Негізі, кітаптардың барлығы менің үстелімде жатыр. Бір аптадан бері отырып, бәрін парақтап, біз оқыған кезде қолға тимеген

дүниелер екеніне көзім жетті. Менеджмент болсын, басқару болсын, бәрін біліп-танып жатырмыз ғой. Бірақ, мынау психология, тіл тарихы сияқты ғылым салаларымен терең танысқанымыз жоқ. Ағылшын тілінде оқыған жастарымыз оқыған шығар, алайда қазақтың баласы әлі таныспаған. Сондықтан біз бір жағынан қазақ тілін байытып, екінші жағынан білімді одан әрі тереңдетеміз деп, осы жобаны қолға алып отырмыз», деді.

Жиын соңында Елбасы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық аударма бюросына бірқатар нақты тапсырмалар беріп, жобаны сапалы жүргізуді қатаң тапсырды.

Оқулықтардың тізімі мен жоба туралы толық ақпаратты www.100kitap.kz сайтынан алуға болады.

Қылышбай ҚҰЛЖАНОВ

«Өр мінезді болам деп жүріп, өркөкірек болмау керек!» немесе орайы келген сұхбат

31 арнаның «ИнформБюро» жаңалықтар қызметінің журналисі Ерқанат Көпжасарұлымен сұхбат

Сәлеметсіз бе, Ерқанат Көпжасарұлы! Алдымен өзіңіздің журналистік саладағы алғашқы баспалдағыңыздан бастап айтып берсеңіз?

Мен «Қазақ радиосы», «Таңшолпан», «Қазақстан барысы», «Кеш жарық», «Қазақ ханшайымы» сынды бағдарламалардың жүргізушісі болдым, қазіргі таңда 31 арна, «ИнформБюро» ақпараттар бөлімінде қызмет атқарамын. Журналистика саласына өзгелер секілді армандап немесе жоспар құрып емес, кездейсоқ келдім. Қателеспесем жоғары оқу орнының 3 курсына «Қазақ радиосының» тыңдарманы болдым. Сізге күлкілі болып көрінер, сол кездегі 19 жастағы жігітпін ғой, міндетті түрде күнде кешкісін радиодан ертегілер тыңдайтынмын, иә ертегілер (күлді). Содан бастап журналистикаға деген махаббатым оянып, радиоға қалай бет бұрсам болады деген ойлар келе бастады. Бір күні көлікпен өтіп бара жатып Қазақстан телерадио кооперациясы деген жазуды көріп, радио сонда екен ғой деп ойлады. Келесі жолы арнайы келіп тоқтап, күзетшімен сөйлесіп тұрсам, бір кісі өтіп бара жатыр екен, бірден амандастым. Ол кісі: «осы мен сені бір жерден көрген сияқтымын», - дейді, «менде сізді бір жерден көрген сияқтымын», - дедім, бірақ мен ол кісіні ешқашан көрген емеспін. Сөйлесіп кетудің амалы ғой енді (күлді). Сол кісімен танысып кетіп, әрі қарай бас редактордың алдына бардым. Радиодан іс-тәжірибеден өтсем деп мән-жайды түсіндіргеннен кейін, сол жерде 9 ай тегін жұмыс істедім. Тәжірибем басталысымен-ақ 2 аптадан кейін тікелей эфирге шығып, хабар жүргізіп жүрдім. Ал 9 айдан кейін радио маған «сен керек емессің» деп айтты. Бірақ сол жерде жүргеннен кейін адамдармен танысасың, араласасың, сүйтіп радиода тікелей бастығым болған Мұрат Мұқаш деген кісі бір бағдарламаға кастинг болатынын айтып, мені бағыттады. Ол кезде мен толықтау болсам да, кастингтен өтіп кеттім. Кейіннен «радио да бір орын босап жатыр, Ерқанат келсең» дегеннен кейін сол жерге жұмысқа тұрдым.

Яғни сіз, радиодан бастап, кейін телеарнаға ауыстыңыз. Қазіргі студенттерге журналистикадағы қадамын қай бағыттан бастауға кеңіс берер едіңіз?

Жоғары оқу орнында оқып жүргенімізде ұстаздарымыз өндірістік тәжірибеге газеттен бастап жіберетін. Ол тегіннен тегін жіберіп отырған жоқ қой. Газетке барып жазу стилін қалыптастырсын дейді, кейін радиоға барып дауыс қойсын дейді. Ал болашақта журналист болам деген жан барлық бағытқа да басын сұғып, дәмін татып көру керек. Содан кейін ғана ол өзіне ыңғайлысын табады. Қай жерде өзін суға жүзген балықтай сезінеді, сол жерде жұмыс істеуі керек. Тіпті, үлкен арманмен журналистикаға келгендер, алғашқы қиындықтан-ақ тауы шағылып қалып жатады. Ал мысалы студент 3 курста делік, небәрі

1 жыл қалды, кейін қайтар жол жоқ, сүйтіп оқу бітіріп, амалсыздан жұмыс істеп жүргендерді көріп жүрміз. Сондықтан мен айтар едім әркім өзіне шын ұнайтын, жақсы көретін іспен айналысса екен деп.

Ал енді журналистке керек мінез немесе қасиет қандай деп ойлайыз?

Ұстамдылық! Бұл сұраққа ойланбай жауап берген себебім, журналист ешқашан бір жақты пікір білдірмеу керек. Әрқашан мәселені екі жақты қарап ақпаратты нақты әрі дұрыс жеткізе білуі тиіс. Мысалы елестетіңіз бір шенеуніктен сұхбат алып тұрсыз. Ал ол кісінің сөйлеу мәнері де сөз саптауы да жоқ, сіз біліп тұрсыз ол кісінің ол дәрежеге лайық емес екендігін. Бетіне былш етіп айтып тастағыңыз-ақ келіп тұрады, сеніңіз маған, ондай сәттер алдыңыздан әлі-ақ көп кездесетін болады. Алайда сол сәтте сіз журналист ретінде ұстамдылық керек. Сіздің мақсатыңыз айтқан сөздерінен тек нақты ақпаратты халыққа жеткізу. Бұл - сіздің шеберлігіңіз! Ал қазір, сол уақытта сөз қайтарып, ұрысып қалып, шу шығаратындар бар. Былайша айтқанда «желтая пресса» ғой оның бәрі. Сізге айтайын, бұндай жылтырақ дүниелер уақытша ғана нәрсе. Мұның бәрі қалады әлі-ақ. Өйткені халықтың менталитеті ондай емес, олар қызықпай қалатын кез де келеді. Түптің түбінде халыққа нақты ақпарат жеткізе алатын, саналы, білімді журналистер ғана сұрыпталып қалады.

Келесі сауалым, мен сияқты студенттер үшін өзекті мәселе. Біз өндірістік тәжірибе үшін арнаулы мекемелерге барғанда, ондағы қызметкерлер бізге көңіл бөліп, үйретіп отырмайды. Сіз қалай ойлайсыз, сіздердің мекемелеріңізге келген студенттерге қаншалықты көңіл бөлесіздер және тәжірибеден өтушілер қандай бола білуі керек?

Өте жақсы сұрақ. Мұны тек университет қабырғасындағы газетте емес, мемлекеттік газетте де ақпарат болып шығуы керек деп санаймын. Бұл жерде біріншіден «кімге не керек?» деген сұраққа жауап беру керек. Ал сіз айтыңызшы практикантқа не керек?

Өзі барған бағыттың қандай жұмыстар атқаратындығын білу керек, ақпаратты қалай жаза алу керектігін деген сияқты...

Сондықтан сіздің ренжуге еш хақыңыз жоқ, солай емес пе?! Ол жерде жұмыс істеп жүрген журналистер сізге бірдеңе үйретуге міндетті емес. Олардың ішінде де «орнымды алып алады-ау» деген ой болуы мүмкін. Қазір нарық заманы. Сол себепті өзіңіз алға ұмтылып, бақылап жүріп, ешкімге кедергі келтірмей жәймендеп сұрастырып, үйреніп алуыңыз керек. Ең бастысы сол ас үйге кірсеңіз болды, шықпауыңыз керек! Бірақ шықпау керек екен дегенде де, өр мінезді болам деп жүріп, өркөкірек болмау керек!

Сұхбатымыздың соңында мынадай бір сауалым бар. Эфирдегі басыңыздан өткен бір оқиғаны айтып берсеңіз?

(Ойланды) Бір қиын сәт басымнан өткен. Халқымыздың басына



түскен қайғылы оқиға кезінде болған. Алматы облысындағы ұшақ апатын айтқалы отырмын. Сол күні эфирге кірдім, 15 минуттан кейін бізде жарнама болады. Сол жарнама алдындағы соңғы сюжет кезінде маған ұшақ құлағандағы хабарды құлағым естіріп, халыққа жеткізу керексің деді. Сіз мұны қалай жеткізесіз?! Бұл ақпарат қолыңыздағы қағазда да не болмаса суфлерда да жоқ. Тек құлағыңызға айтты болды. Содан халыққа жеткіздік және түнгі 12де осыған оқиғаға орай арнайы тікелей эфир болады дедік. Мен сол кезде «ИнформБюроның» нағыз жаңалықтар қызметі екеніне көзімді жеткіздім. Өйткені елімізде болып жатқан күрделі мәселелер жөнінде ақпарат таратуда басқа арналар үндемей қалған кезде, тек 31 арна ғана сөйлейтінін жақсы білетін шығарсыз. Сол кездегі қайғылы оқиға үстінен тікелей эфирде 15 минуттық арнайы хабар жасау тек қана «ИнформБюроның» қолынан келді. Сол уақытта мен алғаш рет жедел. тікелей эфирге шықтым

және жүрегімнің қалай қатты соққанына таң қалдым. Күнделікті эфир бір бөлек, түнгі 12-де шұғыл эфирге шығып, осындай хабарды жеткізу қиын болды. Өзім сөйлеп тұрсам да, жүрегімнің дүрсілін естіп отырдым. Сол сәт әлі күнге дейін есімде...

Ерекше әсер мен тәжірибеге толы сұхбатыңызға көп рахмет! Сүйікті жұмысыңызға тек сәттілік пен толағай табыстар тілеймін!

Рахмет! Басында да айтып қалдыңыз «енді қалыптасып келе жатырмын» деп, әйтсе де көп нәрседен хабарыңыз бар екені көрініп тұр. 2 курс студенті бола тұра сіз де жақсы тәжірибе жинап жатыр екенсіз. Малика, сізге де рахмет, сау болыңыз! - бұл қалыптасқан журналистің өзінен естіген маған берген бағасы, мені өз таңдаған мамандығым деген құштарлығымды арттыра түсті!

Малика ТАКЕЖАНОВА,
Журналистика
мамандығының 2 курс
студенті



Латын әліпбиінің нұсқасы қалай болмақ?

2017 жылы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Елбасы мақаласында еліміздің латын әліпбиіне көшуі айқын көрсетілген болатын. Аталмыш уақыттан бері жылға жуық өтсе де терең талқыға түскені баршамамызға белгілі. Оған дәлел ретінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде «Рухани жаңғыру» кеңселері жұмыс жасап келеді. Мамыр-тамыз айларының аралығында латын қарпіне көшудің тиімді, тиімсіз тұстары, тарихи маңызы көрші мемлекеттердің тәжірибелері (Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан) талқыға түсті. Соның ішінде Түркия Республикасының латын әліпбиіне көшкенге дейінгі халық сауаттылығы-30% болса, латын қарпіне көшкеннен кейінгі сауаттылық деңгейі 60%-ды құраған. Қазақстан Тәуелсіздігін алғаш таныған мемлекеттің ең алғаш 1926 жылы Мұстафа Атаатүрік кезіндегі осындай қадам жасауы бүгінде өз жемісін беріп отыр. Керісінше, Әзербайжан және Өзбекстан Республикаларында кемшіл тұстар да байқалды. Біріншіден, ауылдық жерлер кириллицалық жазумен тұрды. Екіншіден, мектеп, ЖОО оқулықтарының сапасы төмендеді. Үшіншіден, білікті кадрлар санының жетіспеушілігі байқалды. Төртіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары латын графикасын меңгеріп кете алмады. Біздің елімізде де осындай кемшіліктер орын алмас үшін әбден таразыға салу қажетпіз. Сонда ғана ол өз жемісін бере бастайды.

Қазақ жазуының тарихы руникалық көне түркі жазуынан бастау алған. Халқымыздың ата-бабасы саналған түркі жұртының руналық жазуы VI-VII ғасырларда, кейіннен IX-XX уақыт аралығында араб жазуы, 1929-40 жылдары латын жазуы қолданылды. Орта ғасырлардағы «Диуани-луғат ат-түрк», «Құтадғу білік», «Ақиқат сыйы», «Диуани-хикмет» секілді шығармалар араб тілінде жазылды.

Архивтік мәліметтерге сүйенсек, 1929-40 жылдардағы латын әліпбиінің нұсқасын жасауда Алаш зиялыларының көрнекті өкілдері Нәзір Төрешұлы, Халел Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Тежан Шонаұлының жобалары өз кезеңінде саяси маңызды болғанымен, қазіргі тілдік тұрғыдан тиімсіз саналады.

Жаһандану заманындағы ғылыми прогресте бұл әліпбиге өту тиімді екені түсінікті. Сол себепті де бұл қаріпке көшуге басты себеп-саяси фактор Әліпби құрастыруда IT мамандар, филологтар, психологтармен ақылдасу құба-құп. Бұлай дейтініміз-тілдің өзі екі қабаттан тұрады: экстралингвистика және интралингвистика. Біз үшін екеуі де аса маңызды. Тіл-тірі құбылыс. Ол бірнеше жылдар мен ғасырлар бойы жалғасын тауып, өз құндылығын жоймас үшін дұрыс нұсқаны таңдай білуіміз қажет. Интралингвистика тіліміздің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларын қамтыса, экстралингвистика тілдің сыртқы қабатын зерттейді. Яғни олар: Психолінгвистика, менталінгвистика, социолінгвистика, когнитивті лингвистика тағы да басқалар. Сондай-ақ, латын қарпіне көшкен жағдайда, тіліміздің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық заңдылықтары өзгеретіні белгілі. Осы заңдылықтар мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындарында қалай оқытылады? Міне, осы сауалдардың жауабын ғалымдар бүгіннен бастап қарастыруы тиіс.



Осы уақытқа дейін латын әліпбиінің үш түрлі нұсқасы ұсынылды. Бұл жобалар ғалымдар тарапынан да, көпшілік тарапынан да сынға ұшырады. Диакретикалық, диграфтық, апострофтық жүйедегі әліпбилер жобасының оңшыл тұстарымен қатар кемшіл тұстары да болды. Мәселен, ең алғаш ұсынылған диграфтық жобаға көпшілігімізге бейтаныс көрінді. Төл дыбыстармен қатар кірме әріптерді классикалық үлгіден алшақтату мардымсыз. Ал екінші ұсынылған нұсқа қосар әріпті берумен ерекшеленген еді. Қазақ тіліндегі сегіз фонема екі әріптің қосындысы арқылы берілді. Бұл әріптер мыналар: ае- «ә», ое- «ө», ие- «ү», gh- «ғ», zh- «ж», ng- «ң» sh- «ш», ch- «ч». Қазақ әліпбиін бұлай өзгерту өте тиімсіз. Сөздер белгілі бір контексте келген жағдайда, олар лексикалық мағынасынан айырылады. Адам есімдерін, жер-су аттарын белгілеуде орынсыз қателіктерге жол береміз. Орынбаев сөзін осы нұсқа бойынша жазатын болсақ, Orynbaev. Осы тұстағы қатар келген ае-ә-ні береді, сондықтан бұл сөз Орынбаев болып емес, Орынбәв болып оқылады. Елімізге белгілі ғалым, Сүлеймен Демирель атындағы қазақ-түркі университетінің профессоры Құралай Күдерінова бұл жобаны ең сорақы деп таныған еді. Түркі тілдері аглютинативті, яғни жалғамалы тіл болғандықтан, сөзі шұбалыңқы тілді қосар әріппен беру тіл жағдаятына қарама-қайшылық алып келеді. Біздің тіліміз «бір әріп-бір фонема» принципіне негізделген.

Ал қазан айындағы үшінші болып ұсынылған апострофтық нұсқа 32 әріпті құрады. Төл дыбыстар арнайы ноқат арқылы, қалған әріптер классикалық латын алфавиті негізінде құрастырылды. Бұл нұсқаның кемшілігі-апостроф санының көптігінде. «Өң» сөзін жазу үшін ө және ң әріптерімен қатар оларға қойылатын екі апострофты саламыз. Сонда біз екі әріпті төрт әріппен бергенмен бірдей боламыз. Адам өз энергиясы мен қуатын жоймау үшін мейлінше ноқаттың саны аз болғаны дұрыс. Ноқат санын қысқарту арқылы энергия сыйымдылығын үнемдей аламыз. Осы жүйеге сәйкес, ақпан айында қабылданған соңғы нұсқаға өзгертулер енгізілген болатын. Бұл жоба диграфтық және апострофтық нұсқаның қосындысы деуге болады. Мұнда қосар әріппен берілген «sh- ш», «ch- ч дыбыстары және ноқат арқылы берілген дыбыстар бар. Әліпби 3-нұсқадағы



әріп санынан айырмашылық жасамайды, дегенмен кемшіліктерден де құр емес. Мысал ретінде қосар әріпті «sh-ш» фонемасын алуға болады. Бұл s және h дыбыстарының қосындысы болғанымен әліпбиде бөлек дербес тұрған S және H әріптері барын ескерсек, sx-ға қатар келетін сөздер ш болып оқылып кетеді. Басты кемшілік осында. Ashat-Acxhat, әрі Aшат деп оқылады. Сол себепті де қосар әріпті әліпбиге енгізу дұрыс емес секілді көрінеді.

Ағымдағы жоспар бойынша, латын әліпбиіне өтуді үш кезеңге бөліп отыр.

1-кезең-2018-2020 жылдар

2-кезең-2021-2023 жылдар

3-кезең-2024-2025 жылдар аралығын қамтиды.

Осы орайда, көпшіліктің көкейінде жүрген бұл нұсқаларға халық тарапынан сауалнама жүргізілген болатынын. Сауалнамаға жалпы саны 967 адам қатысып, өз пікірлерін білдірді. Олардың құрамында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, студенттер мен оқушылар, мұғалімдер мен ғалымдар және басқа да сала мамандары қатысты. Нәтижесі мынадай болды:

Латын әліпбиіне көшуді қолдайсыз ба?

Иә, латын әліпбиіне көшуді қолдаймын-53%
Жоқ, мүлдем қолдамаймын-34%
Маған бәрібір-13%

Латын әліпбиінің қай нұсқасы тиімдірек?

Тамыз айындағы алғашқы нұсқа-21%

Қыркүйек айындағы қосар әріпті екінші нұсқа-10%

Қазан айындағы соңғы апострофтық үшінші нұсқа-35%

Ақпан айындағы соңғы нұсқа-34%

Бұл жоба бекітілсе де әлі де кейбір өзгерістер болуы әбден ықтимал. Егер, өзгеріс енгізуге мүмкін болған жағдайда, қай әріпті қалай алмастырған дұрыс. Мысал ретінде қазақ тіліндегі «ш» әріпін латынның s' арқылы берген орынды немесе қазақ тіліндегі у әріпін латын «У» әрімімен берген дұрыс. Бұл-классикалық үлгі. Егер де біз латын әліпбиіне көшер болсақ, қосар әріпсіз әрі ноқат саны аз әліпби үлгісін қабылдағанымыз дұрыс деп есептеймін.

Заманбек ШАКИРОВ,
Филология мамандығының
2-курс студенті

«Кітап – рухани азық»

9 - сәуір күні университетімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Инновациялық білім беру факультеті, Педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен «Кітап – рухани азық құралы» атты дөңгелек үстел өтті.

Шақырылған қонақтардың қатарында: «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері, жас бизнесмен О.СҮЛЕЙМЕН, «I book you Atyrau» клубының жетекшісі Д.ЕРҒАЛИ, «Кітап – оқу көшбасшысы» жобасының авторы Ә.БЕГІСБАЙ болды. Шараның негізгі мақсаты – жастарды көп кітап оқуға шақыру арқылы, ой – өрісін дамытып, білімдерін шыңдауға мүмкіндік ашу. Жиын кезінде көрермендер, жүргізуші тарапынан қонақтарға әртүрлі сұрақтар қойылып, ұтымды жауаптар алынды. Дөңгелек үстелді тамашалауға келген студенттер қонақтардың ой саларлық әңгімесін тыңдап, рухани нәр алды. Әсіресе, О.СҮЛЕЙМЕННІҢ кеңестері жастарға зор әсерін тигізді. Өзінің

табысқа жету жолында қазақтың М.ӘУЕЗОВ, С.МҰҚАНОВ, І. ЕСЕНБЕРЛИН сияқты жазушыларының шығармалары үлкен септігін тигізгенін, өткен өмірінен сыр шертіп, көп оқу, еңбек пен білімнің арқасында биік белестерді бағындыруға болатынын өз өмір жолынан дәлел етті. 2 сағат уақытқа созылған жиын болашақ ұрпақты елін, жерін сүйге, білімділікке тәрбиелеуге шақырды. Дөңгелек үстел соңында келген қонақтарға алғыс білдіріп, сыйлықтар үлестірілді.

Ш. Хамитова, Ә. Қасым
Журналистика
мамандығының
3-курс студенттері

Өлкені нұрландырған тұлға

Қоғам және мемлекет қайраткері энциклопедист-ғалым, профессор Халел Досмұхамедұлының көптеген зерттеу еңбектерінің бірінде: «Бұл дүниеде түрлі данышпан, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақ арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбегі сіңірген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі», – деп көрсеткен екен. Әділетіне жүгінсек, тәуелсіз ел тұғырының биік болуы үшін жан аямай еңбек еткен Халел Досмұхамедов сынды біртуар азаматтардың рухын еске алып, есімін қастерлеу, әрі оны туғанына 135 жыл толып отырған шақта «Дара тұлға» деп ұлығылау бәрімізге ортақ парыз болуға тиісті.

Қазақстан Республикасының елдігі мен ертеңін ойлап, қам жеген, туған халқының көкірегіне сәуле құюды мақсат еткен қазақтың көптеген асыл азаматтары XIX ғасырдың 30-жылдарында тағдыр тауқыметін тартып, жалаға, жауыздыққа ұшырап, қиянат құрбандығы болды. Тек тәуелсіздігімізді алған кезден бастап қана сол зұлымдықтардың беті ашылып, жазықсыз жазаланған аяулы азаматтарымыздың есімдері ортамызға қайта оралуда. Солардың бірі – Атырау өлкесінің ардақты перзенті – профессор Халел Досмұхамедұлы. Ол жоғары білімді дәрігер ғана емес, сонымен бірге тарихшы, табиғат зерттеуші, әдебиетші, тіл танушы, аудармашы, ағартушы-ұстаз, қоғам және мемлекет қайраткері болып табылады.

Бұл турасындағы салиқалы да, салмақты бағаны алғаш көрнекті сөз зергері Әбіш Кекілбаев берген болатын: «Өзіне табиғат аямай берген дарынды терең біліммен толықтырып, ана тілімізге қоса латын, араб, парсы, түрік, орыс, неміс және француз тілдерін қажетті дәрежеде меңгеріп, сол тілдерде еркін оқып, сөйлеп, жаза білген Х.Досмұхамедұлы көзінің тірі кезінде алдына жан салмас ғажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, аудармашы болған. Жан-жақты, көл-көсір, әмбебап білімнің арқасында ол биология, зоология, медицина салаларында да көп еңбек қосқан ғалым».

XX-ғасырдың бас кезінде Х.Досмұхамедов Халық ағарту Комиссариатының Білім комиссиясын басқарып тұрған кезінде бір топ қазақ зиялыларына қазақ тілінде жоғары оқу орындары мен ұлт мектептеріне арналған әртүрлі ғылым саласында оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға тапсырма беріп, ұсыныс жасады. Алғаш рет қазақ топырағында Мағжан Жұмабаев қазақ тілінде «Педагогика» оқулығын, Жүсіпбек Аймауытов «Психология» оқулығын жазды. Бұл оқулықтардың бүгінгі күнге дейін өз мәні жойылған жоқ. Ол оқулықтар бүгінде баспадан қайта басылып, қазақ студенттерінің қолдан-қолға түспейтін оқу құралдарына айналды.

Бүгінде қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жасақтау, оның сапасын арттыру мәселесіне Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында ерекше мән берілген болатынды. Әсіресе, қазіргі мемлекеттік тілде жазылған оқулықтардың сапасын жаңартуға ерекше назар аударды.

Қазір ұлт мектептері мәселелері күн тәртібіне қойылып отырған жағдайда XX ғасырдың 20-жылдарының өзінде ең алдымен халыққа қажет кезек күттірмейтін

зәру мәселелерді оның ішінде тұңғыш қазақ тілінде оқулықтар жазуды қолға алуы, оның көрегендігін аңғартады. Ана тілінің, мемлекеттік тілдің жәйі, ұлт мектептерінің, ұлттық терминология мәселелері бүгінгі таңда да өзекті, маңызды, күн тәртібінен түспей отырған мәселелер болып табылады.

Оның Қазақстанда жоғары мектептің қалыптасуына, ұлт кадрларын даярлауда, баспа ісінің қалыптасуына, жаңа ашылған қазақ мектептері үшін оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жасауда өзіндік қолтаңбасы бар ғұлама ғалым.

Халел Досмұхамедов – жаратылыстану цикліндегі пәндер бойынша алғашқы қазақ мектептеріне арналған оқулықтардың авторы. Оның қаламынан, әсіресе, I және II сатыдағы қазақ мектептеріне

“*Бұл дүниеде түрлі данышпан, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақ арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбегі сіңірген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі*”

арналған «Өлі табиғат» оқулығы (1920), «Жануартану» (3 бөлімнен тұрады), «Табиғаттану» (1922), «Оқушылар гигиенасы» (1925), «Адамның тән тіршілігі», «Денсаулығыңды сақта» және т.б. оқулықтары кезінде жаңадан ашылып жатқан қазақ мектептеріне өте қажетті оқулықтар болған болса, бүгінде өз мәнін жойған жоқ.

Х.Досмұхамедұлының ғылыми мұрасының ең негізгі бағыттарының бірі – тіл білімі мен әдебиет, тарих және этнография мәселелері. Оның «Қазақ әдебиеті», «Аламан», «Мұрат ақынның сөздері», «Шернияз шешен», «Исатай-Махамбет», «Жалаңтос батыр шежіресі», «Диуани лұғат ат түрік», «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы» атты ғылыми еңбектерін жазуы, оның жан-жақты терең, энциклопедиялық білімін аңғартады.

Х.Досмұхамедовтың сан-сапалы ғылыми мұрасының ішінде халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері, ғалым-педагог ретінде Қазақстанда Жоғары педагогикалық мектептің қалыптасуы мен дамуы тарихында алатын орны ерекше.

Қазақстанның өзінің жоғары оқу орындарының болмауы, арнаулы білім беретін мектептердің аздығы педагогикалық кадрларды шешуде айтарлықтай қиындықтар туғызды. Республика жағдайында сол жылдары педагогикалық жоғары оқу орындарын ұйымдастыруда ешқандай да мәдени және

материалдық жағдай болмады. Шамасы келгендер ғана жоғары оқу орындарына бара алатын.

XX-ғасырдың 20-шы жылдарының бас кезінде негізінен маман кадрлар республикадан тыс жерлерде Санкт-Петербургте, Москвада, Қазанда, Омбыда, Уфада, Ташкенде, Астраханда және т.б. қалаларда даярланды.

Міне осындай қиын кезде Қазақстанда жоғары оқу орнын ашу ауадай қажет болды. Бұл мәселе республика құрылған күнінен бастап, әртүрлі ұйымдар мен мекемелерде талқылана бастады. Әсіресе, педагогикалық білім беру саласында оқу орнын ұйымдастыру қажеттілігі ерекше сезілді. Сондықтан да республика үкіметі алдына жоғары педагогикалық оқу орнын ашу туралы мәселе алғаш қойылғаннан бастап, Х.Досмұхамедов осы мәселенің басы-қасында болып, оны ұйымдастыруда орасан зор еңбек сіңірді. Жоғары оқу орны республика астанасында ашылуы қажет еді. Алайда, оқу үйінің болмауы, маман ғылыми қызметкерлердің жетіспегендігінен, Қазақстанға жақын орналасқан сол кездегі ірі мәдени арталық Ташкент қаласында уақытша ашуға тура келді. Ташкентте ол кезде бірнеше жоғары оқу орындары болды, оның ішінде 1920 жылы Орта Азия мен Қазақстанда бірінші болып, Түркістан университеті ашылған. Кейіннен Орта Азия университетіне айналды.



институтының оқу жоспарының жобасын жасағанда РСФСР педагогикалық институттарының жобасынан өзгеше жасалынды. Мұндағы басты қағида – пәндер бағдарламаларында жергілікті ұлттық ерекшеліктерді ескеру. Ташкенттегі Қазақтың жоғары педагогикалық институтының жұмысына Орта Азия университетінің ең таңдаулы ғалымдарымен қатар Москва және Ленинград қалаларынан белгілі академия ғалымдар В.В.Бартольд, С.Е.Малов түрік-мангол халықтарынан тарихынан және т.б. ғалымдар шақырылды. Сонымен қатар институтта оқу-тәрбие жұмысы мен дәріс беруге жергілікті қазақ зиялыларының арасынан шыққан Темірбек Жүргенов, Әлімхан Ермековтермен қатар профессор Х.Досмұхамедовта болды.

Ташкент қаласында ұйымдасқан Қазақтың жоғары педагогикалық институтының тұңғыш ректоры болып, Орта Азия университетінің түлегі, халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері Темірбек Жүргенов тағайындалды, оның проректоры болып Х.Досмұхамедұлы жұмыс істеді. Ол институтта педология пәнінен дәріс берді.

1928 жылы Ташкент қаласындағы Қазақтың жоғары педагогикалық институтының негізінде ұйымдасқан Қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны – қазіргі Абай атындағы Қазақтың ұлттық мемлекеттік университетінің негізін қалаушылардың бірі, бірінші проректоры Халел Досмұхамедов болды. Ол 1924 жылы Ресей академиясы Орталық өлкетану бюросының корреспондент мүшесі болып сайланды. 1929 жылы университеттің педология кафедрасының профессоры ғылыми атағына ие болды.

Қазір біз өз тарихымызды жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, өнеріміздің, рухани мұраларымыздың терең тамырын тануға кірістік. Халқымыздың ғылымын дамытуға, тілін сақтауға, тарихын зерттеуге, өнері мен әдебиетін өркендетуге, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын ұйымдастыруға өлшеусіз үлес қосқан, аласапыран жылдарда қазақ елінің болашағын ойлап, өз өмірін құрбан еткен алыптарымыздың қатарында ғұлама ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы,



педагог, дәрігер, профессор Халел Досмұхамедовтың туғанына 2013 жылы сәуір айының 24 жұлдызында 130 жыл толады. Осыған орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізу жоспарлануда.

1994 жылы 23 мамырдағы Министрлер Кабинетінің шешімімен Атырау мемлекеттік университетіне Мемлекет және қоғам қайраткері ғұлама ғалым Халел Досмұхамедұлының есімінің берілуі Атырау облысы жұртшылығының мәдени өмірінде ерекше оқиға болып табылады. Сол жылдары Халел бабамыздың есімінің ортамызға қайта оралуы, оның жан-жақты сарқылмас ғылыми мұрасын зерделеуге және Халелтану тағылымын терең зерттеуге мүмкіншілік жазады.

Ғұлама ғалымның ғылыми мұрасы соңғы жылдары әр қырынан жан-жақты зерттеліне бастады. Ғалым мұрасын зерделеу 1993 жылы Алматыда Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясында, сол жылы Атырау мемлекеттік университетінде Халел Досмұхамедовтың туғанына 110 жыл толуына арналып өткізілген ғылыми-теориялық конференциялардан бастау алады.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өткен бірнеше ғылыми-теориялық конференцияның материалдары негізінде «Ғұлама ғалым, ағартушы педагог» атты ғылыми жинақ жарық көрді.

Міне, осы кезеңнен бастап, республикалық және жергілікті басылмаларда ұлы бабамыздың әртүрлі ғылым саласын дамытуға сіңірген еңбегі мен ғылыми мұрасын жан-жақты зерделеуге арналған еңбектер мен мақалалар жарық көрді, ұлы ғұламаның ғылыми мұраларынан республика көлемінде алғашқы кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Ғұлама ғалымның мұрасының зерттелуі туралы айтқанда 1996 жылы «Санат» баспасынан алматылық ғалымдар Қ.Нұрпейісов, М.Құлкенов, Б.Қабижанов, А.Мектеповтердің авторлығымен «Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы» атты тұңғыш жарық көрген ғұмырнамалық еңбек болып табылады. 1998 жылы белгілі ғалым Р.Сыздықованың ғылыми жетекшілігімен «Халел Досмұхамедовтың таңдамалы шығармалары» атты ғылыми жинақ дүниеге келді (Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1998).

Жинаққа ХХ-ғасырдың басындағы қазақ демократияшыл

зиялылары шоғырының жарық жұлдыздарының бірі – профессор Х.Досмұхамедовтың ғылыми еңбектері топтастырылған болатынды. Таңдамалы шығармалар жинағы Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлының кіріспе сөзімен ашылған.

Халел Досмұхамедұлының жан-жақты ғылым салаларын қамтитын ғылыми мұрасын зерттеуде белгілі ғалымдар З.Қабдолов, М.Қазыбаев, Р.Сыздықова, К.Нұрпейісов, М.Құлкенов, А.Мектепов, Ғ.Анес, Б.Хабижанов, Д.Абдрахимова, Ө.Озғанбай және т.б. авторлармен қатар жергілікті атыраулық зерттеушілеріміз Қ.Сейталиев, Қ.Шаукенов, Т.Жаңабаяев, А.Шамғонов, Ө.Әлімгереев, Ғ.Базарғалиев, А.Сабыров бұл бағытта біршама шығармашылықпен жұмыстанды.

Сонымен бірге, 2003 жылы тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбайдың көрнекті қоғам қайраткері, Алаш зиялысы Х.Досмұхамедұлының сан-салалы қоғамдық қызметі мен өмірі және ғылым саласындағы елеулі еңбектері енгізілген «Жарығы өшпейтін жұлдыз» атты құнды кітабы дүниеге келді (Алматы, «Үш Қиян» баспасы).

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Халелді тануда және оның ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеуде және насихаттауда біршама жұмыстар атқарылды.

1994 жылдан бастап, университет көлемінде жалпы және халықтық педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен оқуларын өткізу дәстүрге айналды.

2000 жылдан бастап, Досмұхамедов оқулары 4 жылда бір рет дәстүрлі түрде республикалық деңгейде өткізіліп келеді.

Бес рет өткізілген республикалық Досмұхамедұлы оқуларына Астана, Алматы, Қызылорда, Орал, Ақтөбе, Шымкент, Ақтау және т.б. қалалардың жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты. Досмұхамедов оқуларының негізінде «Алты алаштың мақтанышы» атты ғылыми жинақ жарық көрді.

Ғұлама ғалымның ғылыми мұралары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жекеленген кафедралары оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына енгізілді.

2003 жылдан бастап, университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен «Халелтану» курсы университеттің барлық мамандықтарының оқу жоспарына міндетті түрде енгізілді. Осы жылы



п.ғ.д., профессор Қ.Б.Сейталиевтің және п.ғ.к., доцент Ғ.Базарғалиевтің құрастыруымен «Халелтану» курсының бағдарламасы мен «Халелтану» оқулығы баспадан 15 б.т. көлемінде жарық көрді.

Бірінші республикалық Досмұхамедов оқуларының ұсыныстары негізінде университетте жалпы және халықтық педагогика кафедрасының жанынан «Халелтану» ғылыми-педагогикалық зертханасы ашылды. Зертхана қазіргі кезде Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университет жанындағы ғылыми-педагогикалық зерттеулер орталығына айналды. Болашақта университетте 5 жылда бір рет өткізілетін Республикалық Досмұхамедұлы оқуларына халықаралық мәртебе беру жоспарланып отыр.

Х.Досмұхамедов мұрасы жөнінде 8 кітап, 5 республикалық-тәжірибелік конференция материалдары жинағы, 200 тарта әртүрлі республикалық, облыстық басылмаларда жарық көрген. Халелтанушылардың ғылыми мақалаларымен қатар, Өзбекстан Республикалық Орталық мемлекеттік мұрағатынан 250-ге тарта алынған құжаттар жинағы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағатынан алынған 164 мұрағат құжаттары, 1922-26 жылдары шыққан Ұлттық ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар қорынан көшірмелер осы «Халелтану» зертханасы арқылы зерттеуші қауымға, ізденуші студенттерге-магистранттарға ұсынылып отыр.

Дей тұрғанмен, Халелтану ғылымын қалыптастыруда ұлы ғұламаның жан-жақты ғылыми мұрасын толықтай танып болдық,

зерттелді деп айта алмаймыз. Не бәрі 56 жас өмір сүрген мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы-педагог, білікті дәрігер, профессор Халел Досмұхамедұлы бүгін, ертең, одан арғы күндері де халқының мақтанышы болып, ту етіп ұстар ұлағатты ұланына айналатыны ақиқат. Халелді, Халел Досмұхамедұлы етіп көрсетер жалынды патриот, көрнекті қайраткер етіп есімін аспанға әуелетер ісі артында қалды. Ол-туған халқының бақыты үшін, оның өсіп-өркендеуі үшін бар күш-жігерін аямаған дарқан дарындарымыздың бірі. Аяулы азаматтың қай қырынан келіп зерделесек те, оның ерекше қырлары мұңдалап көзге ұрып тұрары даусыз.

Елбасы, ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан туындайтын гуманитарлық ғылымдар алдындағы келелі мәселелер және университет атын иеленіп отырған Халел Досмұхамедов мұраларын кешенді зерттеу мақсатында 1930 жылдары қызмет атқарған Воронеж облыстық архивіне хабарласудың сәті түсті. Облыстық архив басшысы В.В.Гуров жолдаған хатта Х.Досмұхамедовтың Воронеж НКВД басшысына 1935 жылы 15 қыркүйекте жолдаған №56178 хаты сақтаулы екендігі, хатта өзіне сайлау құқығын беруді сұрайтыны айтылады. Міне, егер тынбай ізденсек тағы да мәліметтер табылары айқын.

Бердіғожин Лесқали,
тарих ғылымдарының докторы,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік
университетінің
қауымдастырылған профессоры

Первая региональная IT Олимпиада "CompArt-2018" в Атырауском государственном университете имени Халела Досмухамедова

«В высшем образовании нужно увеличить число выпускников, обученных информационным технологиям, работе с искусственным интеллектом и «большими данными»»

(Н.А.Назарбаев из Послания народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» от 10 января 2018г.)

21 апреля в Атырауском государственном университете имени Халела Досмухамедова в рамках Государственной программы "Цифровой Казахстан" состоялась 1-ая региональная IT-олимпиада "CompArt-2018" среди выпускников школ и колледжей города и области.

Цель Олимпиады - выявление и поддержка талантливейшей молодежи, и популяризация образования в сфере информационных и коммуникационных технологий. Информационные технологии - единственная сфера, где количество вакансий превышает количество специалистов. С каждым годом спрос на программистов растет. По данным hh.kz уже сейчас на одного специалиста приходится 5 открытых вакансий. Компьютеры сегодня есть во всех сферах нашей жизни. Трудно представить более современную профессию, чем программист. К тому же, отрасль, одна из самых динамично развивающихся. Профессия программиста - это постоянное саморазвитие, обучение и повышение квалификации. Одни технологии приходят на смену другим, и, выбрав программирование, будущим программистам скучать не придется!

Наша IT-олимпиада "CompArt-2018"

проводилась впервые и само название, состоящее из двух слов «Comp» - сокращенно от «Computer science» и «Art» - означающее «искусство», и в последнее время, граничащее со словами «творчество» и «креатив», мы выбрали не случайно, т.к. в наше время необходим новый тип мышления - креативный. Формирование специалиста креативного типа предполагает освоение им принципиально новой культуры мышления, такими мы видим наших студентов в настоящем и ближайшем будущем.

Участниками Олимпиады были 17 команд, состоящих из учащихся выпускающих классов школ и курсов колледжей города и области, в каждой команде по 3 человека.

IT-олимпиада "CompArt-2018" проводилась в два этапа. Конкурсные задания олимпиады требовали от участников понимания основ компьютерной техники, а также наличия знаний и навыков по ее эксплуатации и обслуживанию. В первом отборочном туре ставилась задача сборки и разборки системного блока ПК (основными критериями было время и правильность выполнения задания, немаловажную роль играл и командный дух, слаженность работы команды ее сплоченность). Финаль-

ное соревнование имело значительный практический уклон и включало задание по созданию локальной компьютерной сети, подобных тем, с которыми сталкиваются специалисты служб компьютерной поддержки. В результате во второй тур прошли 7 команд. Команда школы-гимназии имени Д.Байбосынова №13, команда «Startrack» школы - лицея №16 имени Ж.Е.Каражигитова, команда школы имени Г.Муратбаева, команда «Legent» Прикаспийского высшего колледжа, команда «01» политехнического колледжа имени С.Мукашева, команда «Lego» колледжа транспорта и коммуникаций и команда «ITskills» аграрно-технического колледжа.

После финального тура были определены победители олимпиады: 1 призовое место занял Байбатырулы Манарбек - Капитан команды "Lego" Атырауского колледжа транспорта и коммуникаций, который получил Грант ректора (100% оплата за обучение) по специальности 5В070400 - Вычислительная техника и программное обеспечение, 2 место - команда "Legent" Жексеналиев Ернар Ерболатулы, Исатай Мирас Нурланулы и Музафар Мурадым Уалитханулы Прикаспийского высшего колледжа, получили 30% скидку на обучение по специальности 5В070400 - Вычислительная техника и программное обеспечение и 3 место заняли ученики школы-лицея №16 имени Ж.Е.Каражигитова: Калиев Бек Батуржанович, Откельбаев Нурдаулет

Серикулы и Срымов Арсель Артурович, получившие 20% скидку на обучение по специальности 5В070300 - Информационные системы. «На финальном соревновании была очень дружелюбная обстановка. Это помогло всем справиться с волнением. Задание поддавалось решению, в первую очередь, участникам, имеющим хорошие практические навыки. Стоит отметить, что на олимпиаде были явные лидеры, которые заслуженно получили призы на церемонии награждения. Очень рад, что поучаствовал в олимпиаде, осталось приятное впечатление от общения с новыми знакомыми» - ученик 11-го класса школы-лицея №16 Калиев Бек.

Поздравляем всех победителей 1-ой региональной IT-олимпиады "CompArt-2018" и ждем вас в стенах АГУ имени Халела Досмухамедова на кафедре "Программная инженерия"! Не важно, чего Вы хотите от своей профессии - заработать много денег или изменить мир. С программированием у вас есть обе возможности. Кто знает, возможно, именно Вы создадите проект, который изменит наши представления о привычных вещах! Благодарим ректора Талтенова Абзала Ахатовича за поддержку и предоставленную возможность подготовки молодого поколения IT-специалистов для экономики западного региона Казахстана.

Жанна ГАББАСОВА,
заведующая кафедрой
«Программная инженерия»

Болашақ журналистер бақ сынады

Академик Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті базасында журналистика мамандығы бойынша X республикалық пәндік олимпиадасы өтті.

Олимпиадаға «Журналистика» мамандығы бойынша мамандар даярлайтын ЖОО-ның 2-4 курс студенттері арасында ұйымдастырылды. Сайысқа еліміздің ЖОО-ның 16 командасы бақ сынады. Олимпиада 4 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде командалар топты таныстырып, берілген уақытта «Теледидар және дәуір» атты тақырыпта журналистік шеберліктерін көрсететін бейнесюжет ұсынды. Екінші кезең - олимпиадаға қатысушы әрбір студент аудитория ішінде «Қазақ телевизиясына 60 жыл» тақырыбы аясында ұсынылған бірнеше тақырыпты таңдап алып, ой-толғауларын қағаз бетіне түсірді. Студенттердің білімі мен біліктілігін анықтау мақсатында «Қазақ журналистикасының тарихы», «Қазіргі журналистиканың жанрлық пішіндері мен қызметі», «Телерадиожурналистика» пәндері бойынша тест тапсырды. Олимпиада журналистер үшін шапшаңдық пен жылдамдықты талап ететін «Жедел ақпарат» кезеңімен аяқталды. Кезеңнің негізгі шарты команда қатысушылары 15 минутта ақпарат дайындап, оны ақпарат агенттіктеріне, порталдар мен сайттарға жариялауы тиіс.

Болашақ журналистер бас оқу

ғимаратында орналасқан «Академик Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарихы» және археологиялық мұражайына саяхат жасап, университеттің тыныс тіршілігімен танысты. Әр өңірден бас қосқан студенттер өз ара журналистік шеберліктерімен алмасып, өзіндік тұлғасын кәсіби деңгейде көрсете білді.

Олимпиада ережесі бойынша әр команданың үздік студенттері анықталды. Олимпиада кубогын иемденіп, келесі XI республикалық олимпиаданы өткізу құқығына ие болған I орын - С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенті Айкүн Нұхқали. II орын - Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенті Фархад Карапиденов; Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті Ажар Ахметке бұйырды. III орынды М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Ақнар Қазенова, Тұран университетінің студенті Гүлім Советхан, Шет тілдер және карьера университетінің студенті Айдана Бабатаева иеленді.

Командалық есепте I орын - Сүлеймен Демирель Университеті



(Алматы қ.) және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ие болды. II орын М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті. III орын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті және Халықаралық қатынастар және ақпараттық техно-

логиялар университеті (Алматы қ.) Олимпиадаға қатысқан барлық студенттерге сертификат табысталды. Жеңіпаздар диплом мен бағалы сыйлықтарға ие болды. Келесі жылы жас журналистер додасын ұйымдастыру Павлодар мемлекеттік университетіне бұйырды.

Фархад КАРАПИДЕНОВ,
Журналистика мамандығының
III курс студенті



АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

2018 жылдың 15 сәуір күні университеттің мәдени-спорттық кешенінде қала мектептерінің биылғы түлектеріне арналып «Ашық есік» күні және STEAM фестиваль өткізілген болатын.

Бұл шараны Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті мен Халықаралық жастар қоры, Bolashak Engineering компаниясы бірлесіп ұйымдастырды. Мерекелік басқосу жағдайында өткен кездесуге Атырау қаласының 63 мектебінен 2000-ға жуық түлектер, ата-аналар және мектептің мұғалімдері қатысты.

Алдымен өткен салтанатты жиыныста жоғарыда атап көрсеткен ұйымдастырушы ұжым басшылары сөз алып, қала мектептерінің биылғы түлектеріне сәт сапар тіледі.

Шара аясында университеттің әр факультеті шеберлік-сыныптарымен таныстырылымдар, көрмелер өткізді. Атап өтсек:

- Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті Робототехника бойынша Arduino платформасында светодиодтар пайдаланып, бағдарлам жасап, Ноутбуктың операциялық жүйесін, драйверлерді және қосымша программаларды орнатуды көрсетті.

- «Инновациялық білім беру» факультеті оқушыларды ҰБТ-ға дайындау мақсатындағы психологиялық тренингтер өткізіп, сонымен қатар мамандық таңдауға байланысты кәсіби бағдар жүргізіп, маман кеңестері берілді. Дефектолог-логопедтің қызметін көрсететін құрал-жабдықтармен таныстырды. М.Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері және құм терапиясының маңызы, мақсаты, пайдалану әдістерін кеңінен түсіндірді.

- Экономика және құқық факультеті Криминалистикалық лабораторияларда эксперимент жүргізуге байланысты шеберлік сыныптарын көрсетіп, Криминалдық полигон базасында көрініс жұмыстарын жүргізді.

- Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті музыка мамандықтарының студенттерінен құралған оркестр музыкалық шығармалар ойнап, әр мамандық өздерінің шығармашылықтарын паш етті.

Журналист кафедрасы соңғы кездері қол жеткен табыстары мен кафедра тарихын баяндайтын бейнебаян түсіріп, студенттер шығармашылығы туралы көрмелерін мультимедиялық құрылғылар арқылы көрсетті.

- Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультеті мамандықтары бойынша көрме ұйымдастырды.

- Көптілді білім беру факультеті English Only Space (EOS) кешенді тілдік студиясы және онда жүргізілетін жұмыстармен таныстырып, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде білім алып келген студенттермен кездесу ұйымдастырды.

Сонымен қоса, STEAM фестивалі жастарға өткен замандағы технологиялар қазіргі кезде қалай жаңғырып, олардың бүгінгі күнде қолданылып жүрген салаларындағы маңызды ролін көруге мүмкіндік береді. Қатысушылардың жасына байланысты Фестивальде STEAM және өнер бағыттары бойынша бағдарламалардың демо-нұсқалары мен мастер-класстар ұсынылды. Бұл қолжетімді бағдарламалар фестивалдің басты мақсатына

жетуіне, яғни оқушылар мен студенттерге нақты ғылымдар саласындағы өз білімдерін тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы, аталған шараның жоғарғы дәрежеде өтуіне университеттің барлық ұжымы ұйымшылдықпен атсалысты. Олар биылғы мектеп бітіретін түлектер арасында кәсіптік бағдар беру туралы кеңінен түсінік беріп, білім ордасы беретін мамандықтар туралы ақыл-кеңестер берді. «Ашық есік» күніне қатынасшылардың барлығына дерлік «Университет» газетінің соңғы саны мен кафедралар шығарған кітапшалар үлестірілді.

Бұл күнгі шарада Атырау қаласының Еркінқала, Курилкино, Жангелдин, М.Бекмұхамбетов, № 4 Гагарин, № 10 С.Мұқанов, Ж.Досмұхамедов, Х.Ерғалиев атындағы және басқа да мектептердің ұжымы ұйымшылдық танытқандығын атап өтуге болады. Осы мерекелік басқосуда «Ашық есік күніне» келген қонақтарымыздың шараға деген қызығушылығын білу мақсатында журналистік сараптама жүргізген едік. Бұл бағытта Атырау қаласындағы мектептерден келген кейбір мұғалімдер мен оқушыларға сәті түскенде жолығып, көкейіміздегі сұрақтарды қойып, олардың ой-пікірлерімен бөліскен болатынымыз.

Рақуша ауылындағы М. Өтемісов атындағы орта мектептің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлжан Қайыржанова.

- Биыл бізде мектеп бітіретіндерден барлығы 14 оқушы болса, «Ашық есік күніне» 11 оқушы қатынасуда. Олардың көбі орыс тілі, әдебиет мамандығын қаласа, енді бірі журналистика, өнер мамандықтарын таңдауға қызығушылық танытып, 8 оқушы осы университетке оқуға келетіндерін жеткізді. Негізінен, «Ашық есік күні» мектебімізден келген биыл мектеп бітіретін түлектерге үлкен әсер қалдырды. Оның ішінде университеттің оқытушылары мен студенттері тарапынан оқушыларымызға деген құрмет те бөлек болғанын айта кеткен жөн.

Дамбы ауылындағы Аманкелді атындағы орта мектептен 11 сынып жетекшілері Серікқалиева Құралай мен Жұлдыз Қазмағамбетова.

- Біздерде биылғы жылы 27 оқушы мектеп бітіргелі отыр. Ал, олардың 13-і ҰБТ-ні таңдаған. Өзіміздің байқауымызша «Ашық есік күні» жоғары деңгейде жақсы ұйымдастырылғаны онда барған мектеп оқушыларының көптігінен-ақ көрініп тұрды. Бұнда қай мамандық болсын бәрін де аралап, олардың жеткен жетістіктеріне көз жеткізіп, өзімізге үлкен әсер алдық. Мектебімізден әзірге 10 оқушы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне оқуға түсуге ынталы. Біз үшін бұл бір ерекше шара болды деп ойлаймын. Әсіресе, университеттің мұғалімдерімен ашық сөйлесіп, әр мамандықтың қыр-сырымен тереңірек таныстық. Оның өзі мектеп бітіруші түлектердің әрбіріне үлкен ой салғандай.

Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов атындағы дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар облыстық лицейдің

физика пәні мұғалімі, «Заңғар» жобасымен құрылған робот. техника үйірмесінің жетекшісі Адирова Ай-жамал Нұрмұханқызы.

- Бұл шараға мектебімізден 60-тай оқушы қатысуда. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өткізілген «Ашық есік күні» шарасына келу барысында университеттегі бірнеше факультеттің көрмеге қойған жұмыстарымен таныстық. Сондай-ақ, осы кездесуге біздің мектептен 8-9 сынып оқушылары да қатынасты. Оларға негізінен роботтехникалық ойлау, құрастырмалы және дизайндық жұмыстар қатты ұнады. Әсіресе, кейбірін оқушылардың білімін саралауға арналған картадағы сұрақтар қызықтырған. Оқушыларымыз ондағы көпшілік сұрақтарға жауап беріп, уақыттарын көңілді өткізе жүріп, өздерінің танымдық деңгейлеріне кірді.

Бір айта кетері өткен жылғы өткізілген «Ашық есік күніне» қарағанда биылғы шарада оқушыларды қызықтыратын жаңадан көп нәрселер қосылған. Осы оқу жылында біздің мектептен 80 пайызы Х.Досмұхамедов атындағы университетке оқуға түсуге қызығушылық танытқан оқушылар да баршылық.

Ақсай селосындағы №25-ші Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектептің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Нұржанова Бақтылы Нұржанқызы.

- Оқушыларымыз бұл «Ашық есік күні» шарасында әр факультетке қарасты кафедралардың тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысты. Оның ішінде өнерлі жастардың өнерімен қатар оларға физикалық планема суреттері көбірек ұнады. Сондай-ақ, сиядан түрлі физикалық суреттер салу, құм терапиясы, әртүрлі музыка шығару құрылғылары да қызықтырған. Ал, мамандықтардың ішінен біздің оқушылар физика, химия мамандықтарын таңдап қана қоймай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне оқуға тапсырып бақтарын сынамақ.

Геолог поселкесіндегі Қ. Сәтбаев атындағы орта мектептің қазақ класындағы орыс пәнін оқыту пәнінің мұғалімі, 11 сынып жетекшісі Ашықбаева Нұргүл.

- Бұл «Ашық есік күні» қай-қайсымызға да үлкен әсер қалдырғаны анық. Айталық, өзіміздің Қ. Сәтбаев атындағы орта мектептен осы шараға 29 оқушы келді. «Ашық есік күні» бәрі де шара барысын тамашалап одан үлкен әсер алды. Сондықтан оқушыларымыздың көбі химия мен биология мамандықтарын таңдағанды дұрыс деп тануда. Басқосуда оқушыларымыз көрмелерді тамашалап, фото-суреттерге түсті. Бастысы, мектебімізден биылғы жылы бітіретін түлектердің 70 пайызы осы университетке келіп оқуға

тапсырмақ. Бұл қуантарлық жай. Бәріне де ұстазы ретінде сәттілік тілеймін. Алысқа бармай-ақ осы оқу орнын қалағандары да бір жағынан дұрыс секілді. Бәрінің де қашан да жолдары болсын».

Томарлы селосы Қ. Сұмағұлов атындағы орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі Жұбатқанова Рита.

- Биыл біздерде 40 оқушы мектеп бітірмек. Олардың ішінен басқа жоғарғы оқу орнына тапсыратындар саны 30 болса, бүгінгі басқосуға 10 оқушы қатынасуда. Біздер бұл басқосуда университеттің барлық факультеттерін түгел аралап шықтық. Өзімізге бұл шараның ұнағаны соншалық сағат түскі 13-30 дейін оқушыларымыз ол арадан кеткісі келмеді. Олардың бірқатары ағылшын мамандығын таңдауды ұнатты. Мен де осы университетте бір кездері оқып білім алғандықтан өзіме дәріс берген кейбір апайларымды көріп бір жасап қалдым. Ал, осы университетке бүгінгі келгендердің барлығы да осы университетке оқуға түсуге қызығушылық танытып отыр».

Бұл күнгі шараға қатысқан бірнеше мектеп түлектеріне алдын-ала бірнеше сауалнамалар дайындалған болатын, қорытындысында төмендегідей көрсеткіш болғанын қаперге береміз:

«Сіздің осы университетке деген қызығушылығыңыз бар ма?»

Бұл сұраққа сауалнамаға қатысқандардың:

80% -нен «Иә» деген жауап алынды.

«Неліктен» деген сұраққа:

«Соңғы кезде осы университеттің беделі өскен. Бұқаралық ақпарат құралдарында көптеп насихатталады, жастар арасында және ата-аналар арасында ұнамды пікірлер бар».

10% -ы Алматы, Ақтөбе, Астана және Орал қ. ЖОО барғысы келеді.

10% -ы әлі де таңдау жасап үлгермеген. Жауап беруге қиналды.

Осылардың арасында 19 оқушы тек «журналист» мамандығын қалап отырғандығында қаперге беремін.

Міне, сәуір айындағы жексенбі күнгі өткізілген «Ашық есік күнінде» біздер де біраз жайттың анығына көз жеткізгендей болдық.

Оған дәлел: осы кездесулердің қорытындысы көрсеткендей биылғы жылы мектеп бітіретін түлектердің бірқатарының біздің Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне оқуға түсіп білім алғысы келетіндері қуанарлық жәйт.


Демек, болашаққа деген «Таудай талабы бар» бүгінгі заманның білімді жастарына қашан да сәттіліктер тілейміз.

**Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
Фархад БАЛҒОЖИЕВ,
журналистика кафедрасының
оқытушылары**



Студенттік әзілдер

Студент аудиториядан шығады. Жолдастары тықыршып: — Қалай, тапсырдың ба? — дейді. — Тапсырған сияқтымын... — Ол не сұрады? — Қайдан білейін, ол ағылшын тілінде сұрады ғой.



Бір студент қарны ашып қаланы аралап жүріп, саябаққа көзі түсіп кетіпті.

Қараса, адамдар жануарларға нан, бөлке лақтырып жатыр екен. Сөйтіп ол бір маймылды өлтіріп терісін жамылып, темір тордың ішінде қарны тойып отыра беріпті. Содан сесия басталатын уақыт. Кірген тордан қалай шығарын білмеген жігіт: «Өтірік өлсем шығарып тастайды» деп ойлапты. Сөйтіп, өтірік өліп қалыпты, оны адамдар өліп қалды деп арыстанның алдына апарып тастапты. Өлген жерім осы деп жігіт арыстаннан қатты қорқып отырса, арыстанның терісінен бір бас шығып: — Бауырым қай университеттен боласың, — депті...

Таңертең қыздар төрт түрге бөлінеді: Біріншісі: боянбай-ақ қояйын, бірақ ұйықтайын. Екіншісі: боянбай-ақ қояйын, бірақ, тамақ ішейін. Үшіншісі: ұйықтамайын, тамақ ішпейін, бірақ боянайын. Төртіншісі: тамақ ішейін, ұйықтайын, боянайын, бірақ, барлық жерге кешігейін.

Екі студент сессия алдында: — Не оқып отырсың? — Квант механикасын. — Кітапты неге төңкеріп ұстап отырсың? — Бәрібір ғой.

Студент қыз агент арқылы суретші жігітпен сөйлесіп отыр: — Ой, мына жібергеніңіз қандай қызық смайлше! Ешқашан бұндай смайлше көрмеп едім!

— Кешіріңіз, қарындас, бұл менің суретім ғой.

7 студент суретке түсіп жатыр екен. Біресе, 4-еуі тұрып, 3-еуі отырып, кейін керісінше, 3-еуі тұрып, 4-еуі отырып жүр екен. Бұларды көрген бір кісі келіп:

— Неге олай түсіп жатырсыңдар? — десе, олар: — Жұмысың болмасын, біз 3x4 суретке түсіп жатырмын

Студенттер асханасы: — Апай, бір порция манты беріңізші.

— О, жаңалық қой! Шәкіртақы алдың ба?

— Жоқ! Және бес қасық беріңіз!

Қалада оқып жүрген ауыл қызы ауылына қайтып бара жатса керек.

— Ағай, ауылға барғанский?

— Да-да!

— Ағай, қашан жүргенства?

— Міне, қазір жүреміз.

— Ой, ағай, қазақша білем деп айтпайсыз ба, бағанадан бері сізге орысша сөйлеп тұрсам...

Бірде қалада оқитын студент

ауылдағы үйіне былай деп хат жазып жібереді:

"әке, маған дәптер-мәптер, балпал, киім-кешек алатын жүз мың теңге салып жіберіңізші".

Сонда әкесі жауап ретінде:

"Балам, дәптер ал, — мәптерді қайтесің, бал ал, — палды қайтесің, киім ал, — кешекті қайтесің, — деп елу мың теңге салып жіберген екен.

Екі студент әңгімелесіп отырып:

— Түсімде сенен қарыз ақша алыппын.

— Оны енді қашан қайтарасың?

— Тағы бір түс көргенде қайтарамын.

Бірде бір студент қалалық топтас досын ауылдағы үйіне қонаққа алып барады. Бара сала апасы дастарқанға әкелген астан дәм тата бастайды.

Қалалық жігіт досының апасы жасаған тағамды ұнатпағандығын білдіру үшін:

— Апаңа айтшы, мынау кешегіден қалған ас емес пе, дәмі біртүрлі ғой, — дейді. Мұны естіп қойған апасы:

— Айналайын, бұл алдыңғы күнгі тамақ, кешегі тамақты ертең жейсіңдер! — деген екен.

Күндердің күнінде студент бір жаққа қатты асығып бара жатады. Сонда оны көріп қалған досы:

— Қайда асығып бара жатырсың?

— деп сұрайды. Сонда әлгі студент:

— Бүгін бізде емтихан еді, — деп жауап қатады.

— Ааа, бәсе, қандай пәннен? — деп қайта сұрақ қояды.

Ол: Білмеймін, барған соң айтатын ғой, — деген екен.

Студенттердің қоштасу кеші. Барлығы жиылып, профессорды ортаға алып:

Профессор, қаласаңыз барлығымыз жиылып сізге машина әперейік!

Жоқ, балдар, маған машинаның қажеті жоқ!

Онда қаласаңыз барлығымыз жиылып сізге компьютер сатып әперейік!

Жоқ, керек емес!

Біз шын жүрегімізден айтып жатырмыз, ал сіз арманы жоқ қандай адамсыз?!

Бар, балдар, менің бір ғана арманым бар: ЕШҚАШАН ЕШКІМГЕ

М Е Н Д Е О Қ Ы Ғ А Н Д А Р Ы Ң Д Ы

АЙТПАҢДАҢДАР

Жарқынай ҚАНАТОВА,
журналистика
мамандығының
2-курс студенті

Жас журналистер шығармашылығынан

Өмір сүргім келеді

Менің өмір сүргім келеді. Өмір кешіп жүргендердің бірі емес, бірегейі болып ғұмырымды әспеттегім келеді. Тіршілік картинасы бұлдыр, мүлдем қанық суреттерден тұрып көрмеген. Табиғатымнан бірбеткей ғұмыр кешіп, алабұртқан мінезімнен хабар бергенде аты шулы әдіс-тәсілдердің қармағаны да, үмсына ұмтылғандардың өнердің етегіне жармасқаны да, қадірсіз құрмет пен даңқа ие болуға құмартқан көз көргендердердің қасиетсіздігіне ет үйреніп, тән жатырқаған.

Асылы, мен өмір сүрудің өзгеше реңін қаладым. Жезайыр жазуыммен, Жаратқан алқап, машақ-міндетімнің деңгейінде Тәңірімнің игілігін, баба сертінің аманатын арқалаған болмысым дегеніне жеткізер ме кім білсін...

Ғұмырымды тас бітікке қашалған жазуымды жалғап, қадым заманның тозаңынан өрнегін аршып алып, аласапыран-алмағайыпта тарих тірілткен бабаларымның рухын өшірмеуге, тарихи-баян көзқарасында еңсемді тіктеп, егемендікпен қайта жасауға келіппін... Сертім-осы, Өмір!

Дүние! Сенің алдыңда... сенің алдыңда ғана емес, менің нақтылы ілтифатпен халқым ұсынған руханият мінберінде де екен... Ауыр жүк, айрықша сенім. Көңілге медеу-өткен соқпағым. Жүрекке жұбаныш-ертеңіме сенім! Шын сөзім... Алаштың несібелі абаданы атану былай тұрсын, ар алдындағы парызды өтей алмай кетсем сертімнен не қайыр?!

Перзентіңмін! Дүйім ғұмырымды Алашқа арнадым. Қамым қазаққа, көшім құндылыққа бағытталды. Нансаңыз, жүрек сөзі. Кәлиамалы перзент аманаты!

Мойындатқан тұқияным, мойын бұрғызған Тәңірім болды. Тулақ тінінде емес, Тұлпар тегінде жетілдім. Қазанатымда қаймыққаным жоқ, қайсарланып отырдым. Алаштың берісі үшін белдесуге, арысы үшін алысуға түйіндім. Көшімнің бастауы жеңіл болған жоқ, күйін қажырым баба жолымен келтірді, ожданым оғандар соқпағымен сайлады. Аруағы шалқығыр қайран бабаларым, Алашталы жолыңда кесірліге жауыққан кезім бар шығар, жалыққан кезім жоқ! Соны ұғын!

Ақ бәтемеде адалдықтың түйіншегі бар сәтімде тарихым деп толғанбауға кедергі болмас. Арманым - адалдығыма, адалдығым - адамдығыма серт!

Бағалыларымның берекесі енгенде қарапайым қамытымның сынын кетірмеу ғұмырлық жолымның талабы. "Өмір сүрді" деп еміренетіндер үшін өмір сүргім келеді. Бабамның байрағын құлатпай болашағымды бағамдағым келеді. Осылайша қас-қағым сәттің ұрымтал тұсын ұстайтыныма сенімдімін! Өмір суретініме сенімдімін!



Жұбаныш болған көшенің жылулығы

Мен оны көшеден кездейсоқ кездестірдім. Селт еттім. Тағдыр пашбауынан тартып сүріндірсе де, қаршадайынан қара ғұмырдың кесепатына мойымаған, балауса балалық шағының өзінде биіктік жолын берік ұстанған солескі таныс. Елемеу мүмкін емес. Жанарынан жүрегіндегісін сөзсіз ұғынасың. Қайсар қыз. Айнымас таныстығымның айғақтары кеудемде сайраған күйі бір ұлы күш оған жақындатты. Жалт қарады. Оның қоңыр үні қобалжығаннан жаңғырған қорқау үміттің үзінгі жалғады. "Менің бағзыдағы бақытым" деп құшағына басты. Жаным жылап қоя берді. Сарқылған сағынышымның дауасы табылған бұл сәтте тіл қату мүмкін емес еді. Сөзсіз ұғынған кеуделер күрмелместен қуаныштан жасын төкті. Бірде ол: — әлі де тағдырыңнан теперіш көріп жүрмісің, Інжілім? — деді. (Иә, Інжілім деді. Өзімнен сүйінші хабарды көп естігісі келгендіктен осы есімді таңып берген. Жұмыр басыма бұйырған қадірлімнен қадірлі таңба!)

Мен: — Сенің жаныңда менің тағдырымның тәлкегін сөз ету қуарған еменнің еңсесін түзеумен пара-пар ғой — дедім.

Ол ойланып тұрып... Жырақта жүрсем де жаныңның жамандық көрмеуін, жырыңның жаурамауын тілек еттім! — деді.

Ныспымның алдында өлеңіме иілген ұлылықтан мұндай сөзді есту жанымның жұтаң мұңын сілкігендей болды.

Мен: — Тәңірі-тағалам сыйлаған рухани мүкәммалымның адастырмас бағытын таңдап берген сенің ғажаптығыңның алдында борыштармын! — дедім. (Өйткені өлеңнен алыстарымда оралтқан осы еді)

Ол: — Ғұмырлық мұратым осы емес пе еді?! Еншілі жазуыңның парасаты қатайса менің де мерейім! Сенің нақ қазіргі шағың ұлт келбетінде жауапкершілікті сезінер шағың. Тұрасын айтар болсам, міндетке кірісер шақтың наһан зұрнасына таядың, — деді. (Сол жерде есейіп қалдым)

"Ұлт келбетіндегі жауапкершілік..." Мені толғантқан тамұқ ой. Өлеңімнің өресіне жетіп, өнерімнің өрнегіне қаныққан қадірлімнің артқан сенімі мен берген бағасы еді.

— Мынау сырғыған сұрықсыз уақытты уысымда ұстар ма едім?! Біздің әлі жолығатынымызға, әдебиетте қатар өрілетінімізге кәміл сенімдімін деген қимастығымен жолының жолағынан ентелей бұрылған сапарлық көлігіне беттей кетті.

Дәл осы күн, тілдескен минут не деген қадірлі десенші... әңгүдік уақыттың екіге бөлгені дұрыс болмады. Сенің тағдырыңа ғұмырымды тәркі етсем ғазал болар ем. Сен жүрген ғасырдың, сен басқан топырақтың киесін ұғынамысың?! Айтарым көп саған. Бірақ... мынау көшенің ұзақтығындай болмаған, уақыттың қысқалығына қынжылдым. Әлі талай жауһар жырларымды тебірене оқитын боламын! Біз әлі жолығамыз, Айғыз! Ізіңнен ілескен Інжіліңе табаны тайғанаған тұста тілекші болғайсың! Ғайып-ерен, қырық шілтенің қолдағай өзінді! Тағдырларымыз тоғысады... әліде жолығамыз... біз жолығамыз... деп қайталай бердім ұзағанша.

Ақтілек АБАЙҚЫЗЫ,
Журналистика мамандығының
2-курс студенті

Мені мамандыққа баулыған орта

"Журналистика қызығатын мамандық емес, ол жұмысты, көп ізденісті талап ететін, қызығуды емес, махаббатты қалайтын мамандық. Журналист қоғам үшін керек кезінде журналист те, экономист те, саясаткер де, спортшы мен дәрігер де бола білуі керек. Себебі, ол барлық дайындағалы жүрген ақпаратты, мамандықтарды, оқиғаларды өзі сезіне білуі керек. Сонда ғана жұмысы жемісті, өтімді болады. Журналисттің ойы ұшқыр, кез келген жағдайға дайын, төзімді болуы тиіс. Ақпарат көзі қайда болса, сол ақпаратты бірінші болып халыққа жеткізудің жолдарын қарастыру керек. Әрдайым шындықты айтып, өзінің «төртінші билік» өкілі екенін ұмытпауы тиіс..." деп ұстаздарымыз үнемі қайталап отыратын.

Журналист болу балалық шағымның арманы болмаса да, есейе келе қызықтырған сала. Мектеп қабырғасында жүргеннен-ақ, қалам мен қағазды серік етіп газеттерге түрі мақала жолдайтынмын. Ең алғашқы мақала аудандық «Мұнайшы» газетіне жарияланды. Сол кездегі ерекше сезім әріқарай жазуға ынтанды аша түсті. Кейін мектеп бітірер тұста ойланбастан осы салаға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне оқуға тапсырдым. Ата-анамда тандауыма қарсы келмей, өз еркіме салды. Мектепті аяқтар тұста "ректор грантына" конкурс жарияланғанын естіп, шығарма жолдағанмын. Алғашқы кезеңнен сүрінбей өткеніммен ҰБТ қортындысы бойынша бұл бақыт маған бұйырмады. Дегенмен, мектеп кезінен жинаған мақалаларымның арқасында шығармашылық емтиханнан босатылып, бір-ақ сәтте журналистика мамандығының студенті

бола шықтым. Бұл таңдауыма қуанбасам, еш өкінген емеспін. Содан қызыққа толы студенттік өмір басталды. «Журналист» деген кім, «Журналистика» дегеннің не екенін, сол пәнге байланысты теорияның өзін үйреткен әрбір ұстаздарымыз өз ісінің ең мықтылары деп білем. Филология ғылымдарының кандидаты Айкүміс Қыдырбаева, аға оқытушы Ләззат Мәжитова, тарих ғылымдарының кандидаты Қылышбай Сүндетұлы, аға оқытушы Нұргүл Нұрланқызы студент бойында титтей де болсын, журналиске тән талант болса, соның өзін таудай көріп, алға талаптандыратын.

Кейін осы мамандықта оқу одан сайын қызық бола түсті. Себебі, ҚР Журналистер одағының мүшесі, ф.ғ.к профессор Мәншүк Тынышқалиқызы келіп оқу үрдісімізді жаңа форматқа өзгертті. Адал еңбек, талапшылдығының арқасында студенттеріне берген уәдесін орындап

«журналистика кафедрасын» құрды.

Еліміздегі беделді басылым, телеарналармен келісімшарт орнатып студенттерге тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасалды. Кафедраны жаңа тәжірибелі оқытушылармен толықтырды. Журналистика саласында өзіндік орны бар тұлғалар қонаққа шақырылды, олармен сұхбат жүргізу біздің шеберлігімізді шыңдай түсері анық. Осындай оң өзгерістер біздің алға ұмтылуымызға, мамандығымызға құрметпен қарап, жан-жақты біле түсуге үйретті. Біз студент атанған жылы «Жалын» жас журналистер ұйымы құрылып, аталмыш ұйымның қатарында болдық. Университеттен шығатын «Университет» газетімен байланыс жасап, әр түрлі шаралардың басы-қасында жүрдік. Облыстық "Атуған" телеарнасымен бірлесіп әртүрлі бағдарламаларға түсіп, телеарнаның қызықтарына да қаныға түстік. Өзімнің қызығушылығыммен облыстық «Тандем» және «Атырау-Қазақстан» радиоларына барып, тәжірибе жинадым. Университет тарапынан да республикалық "Мұнайлы Астана" және аудандық газеттерден іс-тәжірибеден өтуге мүмкіндік алдық. Дәріс алып жүрген теориялық білімімізді тәжірибемен ұштастырған сайын журналистиканың қызығы мен шыжығы мол мамандық екеніне көзімді жете түсуде.

Үшінші курсқа аяқ басқанымда сәті түсіп, туған жерімнің жергілікті басылымы «Мақат тынысы» газеті жұмысқа шақырды. Аталмыш газет әуел бастан менің мақалаларымды жариялап, одан сайын жаза түсуге септігін тигізген басылымдардың бірі болатын. Сабақ барысында

ұстаздарымыз журналистикаға қадамды аудандық басылымдардан бастау қажет деп айтатын. Сондықтан, еш ойланбастан ұстаздарымның қолдауларының арқасында жұмысқа қабылдандым. Оқуда жүргенде еңбекке араласуға керемет құлшыныс та, жігер де жеткілікті еді. Сол ұстаздарымның "берілген мүмкіндікті бағалап, пайдалана біл" - деген бір ауыз сөзімен алға талпына бердім.

Маған бақытты балалық сыйлаған ата-анам болса, мені маман қылған екінші үйім университетіміз. Осы қасиетті білім ордасынан Журналистика маманығы қажетті өміріне азық болар білім алып келемін көп дүние үйрендім. Оқуым анамдай ақылшы, апамдай тілекші жандармен таныстырды. Мамандығыма баулытты, білмегенімді үйретті. Сондықтан, мен ұстаздарыма қарыздар екенімді жақсы білемін. Журналистика кафедрасының мерейлі болуы - менің де еңбегіме байланысты деп санаймын. Және оқу бітіргеннен кейін де, менің мықты маман болып қалыптасып ұстаздарымның атына кір келтірмеу бірінші парызым деп білемін. Ал қазіргі таңда оқуды қызыл дипломмен бітіруге үміт артып, мақсатты кадрлар даярлаудың гранттық бағдарламасы аясында оқуды жалғастырып, магистратураға түсуді жоспарлаудамын. Журналистикаға қадам басқан алғашқы жолым осындай. Бұл менің қалаған мамандығым, құрметпен қараймын, мақтан тұтамын.

Мөлдір ІЗТҰРҒАНОВА,
Журналистика мамандығының
4-курс студенті

Орындалған арман

Оқушы кезімізде сыныптың қабырға газетін ай сайын тұрақты шығарып тұрушы едік. Нашар оқушыны сынап, озат оқушыны мақтап дегендей.

Озаттар қатарына теңесу керек екендігін баса назарға алып,сың мақалалар,шумақ-шумақөлеңдер жазатынбыз.Түрлі мерекелерге орай кезектен тыс газет шығарып,ұстаздарға өлең шумақтарымен арнау жазып, сыныптастарды Отан сүйгіштікке шақырып, өлең жаза білетін қабілетімнің бар екендігін байқадым.

Жоғары сыныпта әжептәуір өлеңдер жазып шығармашылық қабілеті бар балалармен, өз арамызда талқылап ойымызды ортаға салатынбыз.

Сабақтан тыс уақытта ана тілі, әдеби шығармалардың мазмұны тұрғысында кештер өткізіп,түрлі тақырыпта диспуттар ұйымдастыратын едік. Мектеп өмірінен елеулі тақырыптар мақалалар жазып,аудандық газеттерге жариялап тұрдым.Сол кездегі Ембі ауданының «Ембі» газетінің белді журналистері Сапарбек Сарсенов,Бағытжан Бозданов ағайлар талантты жастарды жинап, сабақтан тыс, жұмасына екі рет, тілшілік бағытта дәріс беруші еді.Әрине,«бұлақты көрсең көзің аш»,- деген, газет редакциясында алған бұл дәріс үлкен әсер етті.Сол күндерден бастап ой - санам кеңейіп , әдеби шығармашылыққа деген қызығушылығым арта түсті.

Әлі есімде,мектеп бітірушілердің соңғы қоңырауында ;

Қоңыраудың сыңғырлы күміс үнін,
Естігенде елжіреп жас жүректер,
Мектептегі өмірдің соңғы күнін ,
Қимастықпен қарсы алды жас түлектер,- деп көпшіліктің алдында

алғаш рет «Жас түлектер» атты өлеңімді оқыдым.

Жаңалықтың жаршысы, қоғамның тілі журналист болсам деген арман жүрегіме ұялады.

Мектеп бітіруші сол жас талапкердің бірі өзім болатынмын . Арманым жетелеп Алматыға қазіргі Әл-Фараби атындағы мемлекеттік қазақ Ұлттық университетіне алып келді. Өкінішке орай жолым болмады.

Бір жылдан соң әскер қатарына алындым. Әскер қатарында жүріп Беларусь Республикасының Брест қаласы маңында «Брест камалы» туралы фоторепортаждарымды газеттерге жолдап тұрдым.

Әскерден оралған соң, аталмыш оқу орнына барып бағымды сынадым,бұл талабым да сәтсіз аяқталды.

Тауым қайтқанымен тәуекелім таусылмады ғой деймін. Араға жылдар салып Алматы қаласындағы теміржол инженерлер институтының «Азаматтық және өндірістік құрылыс» инженері мамандығы бойынша білім алдым. Осы сала бойынша «Қазақ Түрік мұнай», «Қисымбай», «Боранқұл», «Табынай» кең орындарын ашуға үлес қосып құрылыс жұмыстарына ат салыстым. Бұл күндері аталмыш кең орындарында еліміздің түрлі маман иелері еңбек етіп нәпәқа тауып Отанымыздың байлығын еселеу үстінде. Мамандығым бойынша қызметімді жалғастыра жүріп зейнет жасына да жеттім.

Әрине,осы жылдар арасында шығармашылық бағытта қаламымды

қолымнан тастаған емеспін. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңында «Жоғалған жұлдыз» атты әңгімем жарық көрді.

Бірнеше өлең топтамаларым газет беттерінде жарияланды. «Бір үзім нан», «Құмтөбеде қалған көмбе» әңгімелерім, «Нағашы әже» атты новелла газет беттерінде жарияланды.

Табиғаттың сыйға берген таланты ма, әлде бала кездең жүрек түкпірінен орын алған арман қайта оянды ма ,бұл күнде қолыма қалам ұстап,қолтығыма кітап қыстым.

Бүгінгі таңда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетіне журналистика мамандығы бойынша оқып жүрмін,дәлірек айтсам студентпін.

Теориялық білімімді ұштастыра жүріп ойға алған және бүгінгі таңда дайын тұрған шығармаларымды оқырман қауымға жолдасам деген жұмыс үстіндемін.

«Ештен кеш жақсы»,-дейді ғой.Ұлы Абай атамыз айытқандай ,қолымды мезгілінен кеш сермесем де , үлкен аудиторияда тіл майталмандары алдында дәріс алып,журналистика мамандығының хас шеберлерімен сұқбаттасуым, мен үшін абырой және бақыт.

Ж у р н а л и с т и к а кафедрасыныңмеңгерушісі профессор М.Т. Мұқашева, ғалым ұстаздар А. Қыдырбаева, А. Жұмабаева, Л. Мажитова және Г. Исмурина сынды өз мамандықтарының саңылақтарынан дәріс алуым, арманымның орындалғаны деп білемін.

Қорыта айтқанда, шын арманға жету, қашанда кеш емес. Асқақ арманыңа жету үшін талмай еңбек

етіп, жігеріңді ерік күшіңмен қайрасаң ғана, қол жеткізуге болады екен.

Білім соңына түсу жас ерекшелігіне қарамайды және сені жатсынбайды. Ғылым, білім - адамзат үшін ортақ қазына, ең абзалы оны дұрыс игеріп кейінгі ұрпаққа жеткізе білу, басты парызы.

Қаншама ұрпақ,теңіз толқынындай соңымыздан қуып келеді.Сол толқын жарқабаққа соқпай , жақсылықтың жағалауына жетсе, саналы, білімді болса деп тілеймін.

Жағалаудағы жайнап өскен балқұрақтарды білім нәрімен суарып шөлдіретпесе деймін.

Қайсы бір күндері ой толқыны жағалаудан алыстау алып кетеді. Сондай сәттерде, өзімнен өзім сұраймын, «Тіршілікте не бітірдім осы?»,- деп. Әрине, тыңдырғаным тым азаңдау, көңілім толмайды. Демек, көп іс тыңдыру үшін, білімді болу керек.Сол білімнің халқыңның игілігіне жарата білсең , перзенттік парызыңның өтелгені ғой деймін.

Бұл күнде алпыстың асқарындамын. Қатарға құрдас, кейінгілерге аға, немерелерге ата болдық. Қазіргі аға өзіміз. Жағасы жайлау,жаны жаз алдыңғы буын ағалар өмірден өтті. Сол ағалардың, айналайын деген, бір ауыз сөзі неге тұратын еді, төбең көкке сәл жетпейтінді.

Сөзімнің соңында ағалар рухына арнап жазылған «Ағаларға сағыныш» атты өлең жолдарымен аяқтай отырып, кейінгі ұрпақтың саналы тәрбиелі, сапалы білімді болуына тілектеспін.

Тұрғали САТҚАНБАЕВ,
Журналистика мамандығының
1-курс студенті



Қасым Әсем Талғайқызы 1

1997 жылы 1 қазанда Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр селосында дүниеге келген.
Қазіргі таңда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің журналистика мамандығының 3 курс студенті.

Бұл қала.
Жаяулап келем көшелерін де,
Мұңымды тағы еселедің бе?
Тұншығып барам, тар ауасынан
Тұншыққан сезім.. Тұншыққан
өлең..

Адымдап басып келем ақырын,
Ақылсыз күнін кешкен Ақының.
Тентектеу мінез, тәкаппарлықты
Сүймейтін қала, сездірді салқынын.

Бұйыра көрме мені айыпқа,
Бір күні менде кетем Жайықтан.
Ұшар ем шіркін, Тау жаққа қарай,
Ғажайып болса кенет ғайыптан.

Шыға алмай жүрсем қайтейін
мұңнан,
Сырларың көп қой сенің де тұнған.
Жағынып өмір сүретін ылғи
Жағымпаздардың саны көп мұнда.

Арасында қап, тас жүректілердің,
Жүректі тағы жүдетіп едім.
Тарылып кетіп мына қаладан,
Өлең өлкеме сыр шертіп келдім.

Кең құшағыңа алмағаның ба?
Шуынан менде шаршағанмын ба?

Осылай кейде өкпелеп алам,
Ауылды шіркін аңсағаным да!

Өмірдің көп қой өткелдері де,
Сенімен талай өткеремін де!
Биікте тұрмын, құлатшы мейлі
Бәрібір сүйем, жек көрмедім де!

Ішімдегіні жырыма тізіп,
Бір күннің бетін тағы да сыздым.
Аялай білші, Атырауым!
Ақ армандарын Арманшыл қыздың!

Ойлап келемін.. Ойлай беремін..
Ойлар да жүрмін тұманды..
Өлеңге емес, Өзіңе менің
Келіп тұр қатты жұбанғым.

Бағын да жырдың, тілдесіп жүрмін,
Мұң кешіп жүрмін неліктен?
Бағынбай қойсам бола ма екен
Тағдырға мені жүдеткен?

Мен де үнсіздік.. Түн де үнсіз тым..
Жабырқадық па білмеймін.
Жылап отырған болармын бәлкім
Әйтпесе неге күлмеймін?

Суып бара ма, тоңып барамын

Жылуы қайда сезімнің?
Жүрегім мұздап қалды ма екен?
Салқынын тағы сезіндім.

Сезім шыңына жетуім үшін
Керек пе әлде құлауым?
Өмір де мына сынбауым үшін,
Дұрыста шығар сынауың.

Бұл сезімнің ғажаптары да, азап-
тары да
Заңдылық.
Мендік жүректі жаратқаны ма
Соғылсын Сен деп мәңгілік?!



Қайта келмес сол шағым

Ауылдағы бала кезім бөлек ед тым,
Тас төбемнен тұратын төбелеп күн.
Кешке жақын масайрап, күлкі-
ойынға
Жатушы ек үстінде керуеттің.

Қайран бала шағым-ай, бұзық күнім.
Жүрегімде жүр қазір жүзіп мұңым
Көршілерден ұрлайтын алмалар да,
Біздікінен әлдеқайда қызықтұғын

Шығармасын балдырған шағымды естен,
Топыраққа ауналып, қызық өскен.
Жалаң аяқ доп қуып жалықпаппыз
Тікеннің де кіргенін сезінбеген

Ал, қазіргі уақытты мүлде бөлек
Қу тіршілік қамында жүрміз жүдеп,
Кемпір-шалдан тәрбие ап, ауылда өскен,
Мен неткен бақытты өмір сүргем
Қазіргіге ұқсамаған мүлдем бөлек.

Балалардың күлкісі көшедегі.
Жараны емдеп берер есімдегі.
Есімді жарып өтіп қайта-қайта,
Күлкісі шақырады, ерте мені.

Ойын күлкі, бал дәуре нбалалық шақ.
Балалық шақ, өтіп жатыр қызық тұлап.
Тамаша ойын-сауық кешенімен,
Итереді, ауласына мені баурап.

Бірінен соң, бірі келіп бірі кетіп.
Доппен бірге домаланып, бірі теуіп.
Қарашы, қалай ойнап жатқандарын,
Көшенің тегіс жолын мың кірлетіп.

Күлгендері, болды олардың көше әні.
Таң атысы, кеш батысы сол ғой үні.
Ересек болғанымен, бізге қызық,
Балалардың күлкісі көшедегі.

Назерке ЕСМАХАН,
Орыс тілі мен әдебиеті
мамандығының
1-курс студенті



Жанымның даусы!

Жанымның даусы,
Сен маған карашы,
Сен мені елеші Ей, қазақ баласы!
Азаматсың! Арсың сен, ғаламатсың,
Мейлі итпен қуалап, талап, атсын
Бірақ, еркек болған соң,
сол атаққа Лайық болғын,
сен себебі ғажап-ақсың,
Таусылмайтын сын өтсін,
Қиындық мың.
Басты жерге түсіріп, күрсінбегін,
Әлі талай түрі бар қиындықтың.
Сенде сенім болған соң күрсінбедім.

Анашым...

Анашым..
Сен күнсің, сен гүлсің, данасың,
Жүрекке жылуысың, дарасың.

Анашым..
Жанымның қорғаны,
Өмірлік бағымның бағбаны,
Ататын таңдарым
Шегі жоқ арманым.
Асылым, сан түрлі жыр арнап,
Сан түрлі гүл арнап келсемде
Жетпейтін еш нәрсе, ардағым.

Анашым
Жүзіңнен кетпесінші күлкің,
Мың ғасыр күн өтсін, мың бір түн
Сен маған нұр шашқан қасиет,
Сен маған шегі жоқ құдірет.
Бір Алла тағала қолдасын,
Көлденең көк атты болмасын.
Болса егер, олардан қорғасын,
Алладан тілерім, алдымен
Қос дүние бақытын жолдасын.

Айым БАЛДАЙ,
Орыс тілінде оқытпайтын
мектептердегі
орыс тілі мен әдебиеті
мамандығының
1-курс студенті

Парасат пен Сайда мықтылар қатарында



2018 жылдың 4-8 сәуір аралығында Жезқазған қаласында Самбо күресінен ерлер мен әйелдер арасында және жауынгерлік Самбодан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Осы чемпионатта Инновациялық білім беру факультетінің Дене шынықтыру және спорт мамандығының 1-курс студенті Парасат ЖҰМАБАЙ 62 келі салмақта жеңімпаз атанды және осы мамандықтың 1-курс студенті Сайда ҚАПСАЛИҚОВА +78 келі салмақта чемпион болды. 52 келі салмақта 1-курс студенті Аманжан ӘБУ қола жүлдегер атанды. Қазақстан біріншілігіне университетімізден бес бірдей палуан студентіміз қатысты. Жалпы командалық есепте Атырау облысының Самбошылары жоғары нәтиже көрсетті. Бұл чемпионатқа Атырау облысы Самбо федерациясының президенті, университетіміздің Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы Алпысбай АРАЛБАЕВ та зор үлес қосты.

Қазақстан Республикасының VII Универсиадасы



2018 жылдың 1-11 наурыз аралығында Павлодар қаласында Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындары студенттері арасында VII Универсиада өтті. Универсиада Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы, ҚР-ның студенттер спорты, Павлодар облысының әкімшілігінің ұйымдастыруымен өтті.

VII Универсиада спорттың 10 түрінен өтті. Универсиада бағдарламасында ұлттық спортымыз қазақ күресі де болды. Қазақ күресі жарысына университетіміздің ерлер құрама командасы қатысып, жоғары деңгейде жетістіктер көрсетті. Атап айтсақ, Инновациялық білім беру факультетінің 1-курс студенті Парасат ЖҰМАБАЙ 66 кг салмақта II орын, осы факультеттің 2-курс студенті Даурен БОЛАТБЕКҰЛЫ 90 кг салмақта III орын, 3-курс студенті Раймбек АШЫҚБАЕВ 100 кг салмақта III орын, Экономика және құқық факультетінің 1-курс студенті Исатай АБАЕВ +100 кг жоғары салмақ дәрежесінде III орынды жеңіп алды. Осы жарыста төрешілік жасаған университетіміздің Дене шынықтыру кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушысы Алпысбай АРАЛБАЕВ және Дене шынықтыру және Бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, Халықаралық дәрежедегі төреші Рафаэль ХАБИРОВ. Қазақ күресі жарысына 174 палуан спортшы ҚР-ның 26 жоғарғы оқу орнынан қатысты. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қазақ күресі ерлер командасы жалпы есепте V орын алды. Жарыс жоғары деңгейде өтті.

Парасаттың биіктері әлі алда



2018 жылдың 23-24 наурыз аралығында Мәскеу қаласында Самбо күресін қалаушы Анатоли ХАРЛАМПИЕВТІ еске алу құрметіне ерлер, әйелдер және әскери Самбодан Әлем кубогі өтті.

Бұл жарысқа әлемнің 26 мемлекетінен 200-ден жоғары спортшы қатысты. Инновациялық білім беру факультетінің Дене шынықтыру және спорт мамандығының 1-курс студенті Жұмабай ПАРАСАТ 62 кг салмақта II орын иеленді. Бұған дейін Парасат Талдықорған қаласында өткен Қазақстан Республикасының IX-жазғы универсиадасында Самбо күресінен 68 кг салмақта I орын, ал Павлодар қаласында өткен Қазақстан Республикасының VII-қысқы универсиадада қазақ күресінен 66 кг салмақ дәрежесінде II орын алған болатын.

Университет студенті жеңіс тұғырында



Дүниежүзілік Қазақ күресі федерациясы 2018 жылдың 20-22 сәуір аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай қаласында қазақ күресінен ересектер арасында ҚР-на еңбек сіңірген жаттықтырушысы Бақыт ЖАҢБЫРБАЕВТЫҢ жүлдесі үшін XXIV халықаралық турнир өткізді.

Турнирге Қытай Халық Республикасы, Тәжікстан, Өзбек, Қырғыз, Ресей және Қазақстан Республикасының палуандары қатысты. Бұл турнирге университетіміздің Дене шынықтыру және спорт мамандығының 4 бірдей студенті қатысты. 70 кг салмақта 1-курс студенті Айбула ДАБУЛТАЙ III орын жеңіп алды. Жарыс жоғары деңгейде өтті. Жаттықтырушысы – Дене шынықтыру және Бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы Рафаэль ХАБИРОВ.

Дене шынықтыру және Бастапқы әскери дайындық кафедрасы



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
М. Мукашева – редактор
В. Шигаев – дизайнер-бет құрушы
Қ. Данияров – фотограф

Журналистер:
Журналистика кафедрасының оқытушылары мен студенттері.
Электрондық пошта – zhurnalistika@asu.edu.kz

Авторлар жарияланымындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 10 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #279
Баспаның мекен-жайы:
Атырау қаласы,
Жарбосынов көшесі, 5 үй
Тираж 5000 дана